ЖАС ҚАЗАҚ

№41 (613) 14 қазан 2016 жыл

ISSN 2074-899X

www.jasqazaq.kz vk.com.jasqazaq Jasqazaq Жас қазақ

ҰЛТТЫҚ АПТАЛЫҚ • Газет 2005 жылдың 7 қаңтарынан шыға бастады

АҚЖОЛТАЙ

ҚАШАҒАН: «ҚАРА АЛТЫН» КӨПТІК ЕТПЕЙДІ

Қазақтың айтулы ақыны Қашаған Күржіманұлының есімін иеленген теңіздегі тұңғыш кенішіміз мұнай бере бастады. Қазір төрт ұңғымадан тәулігіне 90 мың баррель алынып жатыр. Жұртшылықты осындай жағымды жаңалықпен қуантқан энергетика министрі Қанат Бозымбаев «Болашақ» мұнай өңдеу зауытының да іске қосылғанын хабарлады. Ол тауарлы мұнайдың «Болашақта» тазаланып, «ҚазТрансОйл» компаниясының қоймасына жөнелтіліп жатқанын жеткізді. Күкірт пен газдан арылған «қара алтын» осы жерде жиналады. Біраз уақыттан кейін алып жобаның операторы NCOC (North Caspian Operating Company) консорциумы алғашқы экспорттық келісімшартты жария етеді.

Нарықта коммерциялық өндірістің 75 мың баррельден басталатынын ескерсек, Қашағанның алғашқы қарқыны жаман емес.

(Жалғасы 3-бетте)

БІЗДІҢ СҰХБАТ

Сапархан ОМАРОВ:

Жайылым жер заңмен реттеледі

Парламент депутаттары «Жайылымдар туралы» заң жобасына бастамашы болғаны белгілі. Оны дайындау үшін мемлекеттік мекемелер, қоғамдық ұйымдармен бірлесе отырып, төрт жыл бойы жұмыс істеді. Көптен күткен бұл заң жобасы осы аптада Мәжілісте бірінші оқылымда мақұлданды. Жаңа заңнама жайылымдық жерді пайдалану бойынша қордаланып қалған мәселені қалай шешеді? Бұл жөнінде Мәжілістегі аграрлық мәселелер комитетінің төрағасы Сапархан Омаровтың пікірін білдік.

Жас қазақ: Елімізде жайылым туралы жеке заңнама ешқашан болған емес. Осындай заң жобасын әзірлеуге не түрткі болды?

Сапархан Омаров: Еліміздегі жайылымның жалпы ауыл шаруашылығы мақсатындағы жердің 70 пайызын немесе 187 млн гектар аумақты алып жатыр. Бір малдың басына шаққанда 20 гектардан келеді. Іс жүзінде бүгінде жайылымдық жердің 43 пайызы немесе 80 млн гектары ғана пайдаланылады. Яғни мал басына шаққанда орташа есеппен 2-3 гектардан аспайды. Ал норма бойынша 5 гектардан аз болмауы тиіс. Осының салдарынан 27 млн гектар жайылымдық жер бүлініп, жарамсыз болып қалды. Мұндай жағдай, біріншіден, 100 млн гектар жайылымдық алқаптың осы күнге дейін айналымға енбей отырғандығынан туындады. Әрі төрт түлік малдың басым көпшілігі немесе 70 пайызы ауыл маңына жақын жерде шоғырланған. Енді осыған шалғайдағы жайылымды суландыру мәселесін қосыңыз.

(Жалғасы 2-бетте)

ЖҮЙРІК ЖАҢАЛЫҚ

Биыл ауыл шаруашылығын қолдауға қосымша 42,9 млрд теңге бөлінеді. Соның 30,2 млрд теңгесі асылтұқымды мал шаруашылығы мен өнім сапасын жақсартуға бағытталады. Сонымен қатар инвестициялық салым кезінде агроөнеркәсіптік кешен субъектілерін субсидиялау бойынша бағдарламаны іске асыруға бюджеттен қосымша 12,7 млрд теңге бөлінеді.

Еліміз қауіпсіздік рейтингі бойынша АҚШ-тың алдына шықты. Дүниежүзілік экономикалық консилиумда мамандар әлемнің ең қауіпсіз елдерін анықтады. 141 елдің ішінде Финляндия көш бастады. Еліміз 72-орында. Үздік бес елдің қатарында Исландия мен Австрия бар. Ең қауіпті ел – Нигерия.

Астанадағы мектептерде ақша жинау жағдайларымен күрес жөніндегі арнайы комиссия құрылды. Әкімдіктің ресми сайтына келіп түскен әрбір сауал мен өтініш бойынша тексеру жүргізіліп, хаттама толтырылады. Сонымен қатар әр мектепте білім мекемесі жұмсайтын міндетті шығындар тізімі ілінеді. Қандай да бір заңға қайшы іс-әрекет тіркелген жағдайда, ата-ана білім басқармасының «қауырт желісіне» хабарласа алады.

«ЖАС ҚАЗАҚ» КОНФЕРЕНЦИЯСЫ

«Біз қазақша сөйлейміз!»

Таяуда Көкшетау қаласындағы Жанайдар Мусин атындағы қазақ педагогикалық колледжінде зәуір бір себеппен болғанымызда, осы оқу орнында оқитын өзге ұлт өкілдерінің балалары қазақша қатырып сөйлеп тұрғандығын естідік.

(Жалғасы 5-бетте)

ҮШТАҒАН

Қаржы және экономика

Салық мәдениеті

Кез келген мемлекеттің қаржы саясатындағы басты бағыттың бірі – салық заңнамасын үнемі жетілдіру. Бұл орайда мемлекет пен салық төлеушінің мүддесі тепе-тең түсуі керек.

(Жалғасы 4-бетте)

Таным

Тамырластық пен тағдырластық

Сан ғасырлар бедерінен негізін іздейтін әрбір халық өз тамырын әріден тартады. Оның рухани құндылығы – мәдениеті мен өнері сол елдің төл тарихымен бірге дамиды. Көне заманда Енесайдың бойын жайлаған қырғыз халқы күні бүгінге дейін талай тар жол тайғақ кешуден, түрлі белбелестен өтті.

(Жалғасы 7-бетте)

Сыр-сұхбат

Әділ АХМЕТОВ:

Мың уағыздан артық дүние

Соңғы аптадағы өнер әлеміндегі қызу талқыға түсіп жатқан оқиға – режиссер Ақан Сатаевтың «Анаға апарар жол» фильмі. Көркемдік сапа, мазмұндық тереңдігімен кино мамандарының жоғары бағасына ие болды. Фильм Ялтада өткен «Евразийский мост» Халықаралық кинофестивалінде топ жарып, бас жүлдені қанжығасына байлады.

(Жалғасы 9-бетте)

www.jasqazaq.kz E-mail: jas_qazaq@mail.ru

БИЛІК

АСТЫҚ – МЕМЛЕКЕТТІҢ ӘЛЕУЕТІ

Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев астық жинау науқанының табысты аяқталуына байланысты еліміздің агроөнеркәсіп кешені еңбеккерлеріне құттықтау жолдады.

Елімізде жиын-терін науқаны аяқталып келеді. Бұл – ауыл еңбеккерлері, агроөнеркәсіп кешені және бүкіл еліміз үшін азық-түлік қауіпсіздігінің деңгейін айқын көрсететін аса маңызды оқиға. Биылғы науқан нәтижесін Тәуелсіздіктің 25 жылдығына тамаша тарту деп бағалауға болады. Өйткені, бұл жолы жиналған астық мөлшері – осы кезеңдегі ең ірі жетістіктің бірі.

Астықтың жалпы көлемі 23 миллион тоннадан асты. Бұл – былтырғыдан бір жарым еседей артық көрсеткіш.

Ақмола, Солтүстік Қазақстан және Қостанай облыстарының дақандары 5 миллион тоннадан астам астық алды. Қарағанды облысында миллион тоннадан астам астық жиналып, бұрын-соңды болмаған көрсеткішке қол жеткізілді.

Ауыл шаруашылығы саласындағы өзге дәнді дақылдар бойынша да жиын-терін науқанының нәтижесі көңіл қуантып отыр. Қызылорда облысында күріштен рекордтық өнім алынды. Алматы, Жамбыл және Оңтүстік Қазақстан облыстарында көкөніс пен бау-бақша дақылдарының өнімділігі едәуір артты. Майлы дақылдар көлемі 1,2 есе ұлғайып, соңғы бес жылдағы ең жоғары көрсеткішке жетеді деп болжануда.

Осының барлығы мейлінше мол тер төгуді, ұдайы қамқорлықты, зор қажырлылықты, білім мен тәжірибені талап ететін саланың бірі – егін шаруашылығының табысты дамып келе жатқанын даусыз дәлелдейді. Бұл саладағы азаматтардың бәрін құттықтап, бірден жеміс бере қоймайтын жер төсіндегі бейнетті еңбектері үшін зор алғыс білдіремін.

Өткен ширек ғасыр ішінде ауыл шаруашылығының қалай өркендегенін, Қазақстанның аграрлық держава ретіндегі өз жағдайын жақсартып қана қоймай, азық-түлік нарығындағы жаңа белестерді игеріп келе жатқанын көріп отырмыз.

Осы жылдарда мемлекетіміз агроөнеркәсіп кешеніне жүйелі түрде қолдау көрсетудің тиімді мүмкіндігін тапты. Қазір ол стратегиялық басымдық ретінде қарастырылып отыр.

Біз бірлесе күш жұмылдырып, халқымыздың өсіп-өркендеуіне септігін тигізетін, туған өлкеміздің шынайы әлеуетін көрсететін ауыл шаруашылығын жаңғыртудамыз.

Қазіргі заманда жоғары технологиялы қуатты агроөнеркәсіп кешені елдің әлеуметтік-экономикалық дамуының өлшемі болып саналады.

Біз елімізде дақандардың адал еңбегі барынша бағаланып, ауыл шаруашылығы инвестицияға қолайлы, жаңа жобаларға, жастарымыздың күш-қуатына өріс ашатын перспективалы салаға айналуы үшін барлық жағдайды жасаймыз.

АПТАНЫҢ АЙТАРЫ

20
мың доллар.
Қазақстан құрамасының футболшылары Румыния командасымен тең ойнағаны үшін осынша сыйақы алады

1,9
трлн теңге.
Соңғы екі жылда елімізде заңдастырылған ақша көлемі

10
млн теңге.
«Самғау» ұлттық байқауының ақшалай жүлде қоры

Бәрекелді!

Біржан НҰРЫМБЕТОВ,
денсаулық сақтау және әлеуметтік даму вице-министрі:

«2017 жылы зейнетақы мөлшері 9 пайызға артады. Осының негізінде базалық зейнетақының мөлшері 12 802 теңгені құрайды. Базалық зейнетақы мен негізгі зейнетақыны қосқан кезде, оның мөлшері 60 мың 167 теңгені құрайтын болады. Барлық әлеуметтік жәрдемақылардың мөлшері 2017 жылдың бірінші қаңтарынан 7 пайызға артады»

Жетістік

Астанада ұлттық валюта экспозициясына арналған көрме өтті. Тәуелсіздіктің 25 жылдығына арналған бұл шара «Теңге – Тәуелсіз Қазақстанның валютасы» атты халықаралық конференция барысында ұйымдастырылды.

Теңгеге арналған көрме

Ұлттық музейде өткен конференцияның негізгі мақсаты – теңге туралы қоғамға толық ақпарат беру. Ұлттық банкі төрағасының орынбасары Д.Ғалиева «Ұлттық валюта – кез келген ел тәуелсіздігінің, қауіпсіздігінің, нарықтық қатынасын дамытудың негізгі өлшемінің бірі» – деп атап өтті. Жиынға ақша шығаратын шетелдік компания өкілдерімен қатар қоғам қайраткерлері мен жоғары оқу орындарының мамандары қатысты. Халықаралық компания өкілдері банкнот шығару және оның қорғаныс элементтерін күшейту үшін инновациялық тың технологиялар енгізу жайында сөз етті. Ал отандық дизайнерлер өз тәжірибесі жайлы баяндады. Конференция аясында банкноттар мен монеталар топтамасы таныстырылды.

БІЗДІҢ СҰХБАТ

(Басы 1-бетте)

Ұсақ және қосалқы шаруашылықтарда мал көп. Ал олардың малды шалғайдағы жерге жаюға мүмкіндігі жоқ. Бұдан бөлек, ауылдық округтердің қарауындағы кейбір жайылым заң жүзінде реттелмегендіктен, толық айналымға енгізілмей келеді. Осыған байланысты жайылым жерлерді ұтымды пайдалану мәселесін шешуге бағытталған заң керек болды. Заң өте күрделі. Сондықтан оның жобасы төрт жыл бойы әзірленді. Оны талқылауға жайылым жерді пайдаланушылар, мемлекеттік органдар, қоғамдық ұйымдардың өкілдері тартылды.

Жас қазақ: Өзіңіз айтып отырғандай, бұл салада қордаланып қалған түйінді мәселе көп. «Жайылымдар туралы» жаңа заң жерге қатысты бұл түйткілдерді қалай шешеді?

Сапархан Омаров: Заң жобасы жайылым ресурстарын реттеуге, жоспарлауға, ұйымдастыруға және басқаруға бағытталған. Ол ауылдың айналасындағы, шалғайдағы жайылымды тиімді пайдалануға жол ашады. Бүгінгі күні ауылдағы мал оның айналасында жайылады. Ал осы жерлерді ауыстыру жұмысы жүргізілмейді. Мал жыл сайын бір жерде жайыла бергеннен кейін ол тозып кетпей ме? Ал мына заңда белгіленгендей, жергілікті өзін-өзі басқару, мемлекеттік органдар, жайылым пайдаланушылар бірлесе отырып, аумақтағы бар жайылымды пайдалану жоспарын әзірлейді. Осылайша, мәселен, биыл мал жайылған жердің құнарлылығын қалпына келтіру үшін келесі жылы бұл мақсатқа бос тұрған басқа жер пайдаланылады. Сондай-ақ жоспар арқылы жайылымның көлемі, оның өнімділігі, бағылатын малдың саны, бос жатқан жер мен мал басы тығыз шоғырланған аумақтар анықталады. Заң жобасында жайылымдық инфрақұрылым объектілерін айқындайтын және шалғайдағы жерді ұтымды пайдалануды реттейтін арнайы баптар да қарастырылған. Жайылымды беру тәртібі, оны пайдаланушылардың құқығы мен міндеті айқындалды.

Жас қазақ: Түптеп келгенде, бұл заңның берері не?

Сапархан Омаров: Заң жобасын қабылдау жайылым жерлердің қайта жандануына және елімізде мал шаруашылығы өнімдерінің мол болуына жағдай жасайды. Бұл өз кезегінде еліміздің азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз етіп, экспорттық әлеуетті арттыру үрдісін тездетеді. Қысқасы, мал шаруашылығын дамыту бойынша алдыңғы шептегі мәселені шешеді. Ал заңның әрі қарай жұмыс істеуі өзімізге байланысты. Сондай-ақ жергілікті өзін-өзі басқаруды дамытуға ықпал етпек. Өйткені бұл жергілікті маңызы бар проблеманы шешуге әрі оларды талқылауға азаматтарды тартуға мүмкіндік береді.

Сапархан ОМАРОВ:

Жайылым жер заңмен реттеледі



Жас қазақ: Депутаттар «Жайылымдар туралы» заң жобасын әзірлеуге 2012 жылы кіріскен еді. Содан тек осы аптада ғана Мәжілісте бірінші оқылымда мақұлданды. Заң жобасын қашан екінші оқылымда қарап, Сенатқа жолдайсыздар?

Сапархан Омаров: Иә, осы аптада Мәжілістің жалпы отырысында заң жобасын бірінші оқылымда мақұлдадық. Бірақ бұл осымен жұмыс бітті деген сөз емес. Әлі де сұрақ көп. Барлық мәселе екінші оқылымға дейін жұмыс тобының отырыстарында талқыланады. Жұмыс тобында мемлекеттік органдардың өкілдерін қоса есептегенде 20 адам бар. Бұдан бөлек, заң жобасын талқылауға Парламентке кірмеген басқа саяси партиялардың, қоғамдық ұйымдардың өкілдері де атсалысып жатыр. Парламенттің сайтында жұмыс тобының отырысы өтетін күн, орны және уақыты хабарланады. Яғни жайылым туралы аса маңызды бұл заңға өз ұсынысын енгізуге әркімнің мүмкіндігі бар. Мәселен, бірінші оқылымға дайындау барысында 100-ден астам түзету қаралды. Заң жобасы толығымен әзір болған соң, оны биылғы жылдың соңына дейін немесе келесі жылдың басында екінші оқылымға шығаратын боламыз.

Сұхбаттасқан Айымгүл МҰРАТҚЫЗЫ

БАЙЛАНЫС

Шекарадағы сауда аймағы

Оңтүстік Қазақстан облысының әкімі Жансейіт Түймебаев өңірге жұмыс сапарымен келген Өзбекстанның премьер-министрінің орынбасары Ұлықбек Розықұловпен кездесті. Бұл туралы облыс әкімінің баспасөз қызметі хабарлады.

Кездесуде аймақ басшысы мәртебелі мейманды өңірдің әлеуметтік-экономикалық ахуалымен таныстырып, екіжақты ынтымақтастықты дамыту жайын талқылады. Қазақ-өзбек қатынасын жақсартып, тауар айналымын ретке келтіру бойынша келіссөздер жүргізіліп, ортақ келісімге қол жеткізілді. Аталған келісімнің шеңберінде Оңтүстік Қазақстан облысындағы қос елдің шекарасы маңында сауда аймағын құру жоспарлануда. Сондай-ақ екіжақты басқосуда жыл соңына дейін Шымкент қаласында өзбек тауар өндірушілерінің көрмесін ұйымдастыру жөнінде мәмілеге қол жеткізіліп, арнайы жұмыс тобы құрылатын болды.

ҚҰРЫҚ

Қызметін асыра пайдаланған мектеп басшысы ұсталды. Солтүстік Қазақстан облысындағы бір мектептің директоры жұмысқа алған азаматша, екі жылда бірде-бір рет бой көрсетпеген. Ал жалақысы ай сайын түсіп отырған.

Жемқорлыққа жол жоқ

Мемлекеттік қызмет істері және жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі осы бір ғана фактінің өзінен мемлекетке 1,2 млн теңге көлемінде шығын келгенін хабарлайды. Соңғы 9 айдың ішінде құзырлы орган мектеп директорларына қатысты 25 қылмыстық іс тіркеді. Осыған орай агенттік білім және ғылым министрлігінен білім мекемелері басшыларымен түсіндіру шараларын өткізіп, жағдайды жіті бақылауларында ұстауын сұрайды.

www.jasqazaq.kz
E-mail: jas_qazaq@mail.ru

Ақжолтай

ҚАШАҒАН: «ҚАРА АЛТЫН» КӨПТІК ЕТПЕЙДІ

(Басы 1-бетте)

Бұйырса, кеніш көп ұзамай, осыдан 3 жыл бұрынғы ең ірі көрсеткішті қайталауға мүмкіндік береді. Сол кезде елімізде жер астынан шығарылған «қара алтын» 81,8 млн тоннаға жетіп еді.

Жалпы, қазір әлемде осы сала бойынша жүзеге асырылып жатқан бірден-бір ғаламат жоба болып табылатын Қашағанның алғашқы фазасында жылына 12 млн тонна мұнай өндіру көзделген. Бұл іске асқан жағдайда Қазақстан әлемде мұнайды көптеп шығаратын алпауыт мемлекеттердің қатарына кіреді. Мұны «тәтті үміт» дейтін сарапшысымақ сәуегейлер де жоқ емес. Олар кеніштегі «өнімнің өзіндік құны барреліне 100 долларды құрайды, сондықтан бүгінгі бағамен алғанда жоба рентабельді емес» деген пікір айтып жүр. Консорциум өкілі Жақып Марабаев ақпарат құралдарына мұның шындыққа мүлдем жанаспайтынын айта келе, қазіргі бағаның *(49 доллар)* тиімді екенін мәлімдеді. Ол алдағы жылы әлемдегі саяси және экономикалық ахуалдың «қара алтын» құнын» бүгінгі деңгейде ұстап тұруға мүмкіндік береді деп есептейді.

Тәжірибелі маманның тұжырымы көңілге қонымды. Мұнай бағасы арзандағалы бұл салаға инвестиция азайып барады. Алпауыт компаниялар жаңа кен орындарын игеруге құлшына қоймайды. Бұған қоса, бірқатар ірі кеніштердің қоры сарқылуға жақын. Демек, сұраныс мөлшері ұсыныстан асып түседі деген сөз. Осы тұрғыдан алғанда, қазақ мұнайының болашағы жарқын деуге толық негіз бар. Қашағандағы өндіріс «базардағы ұсыныс көлемін одан сайын арттыра түседі» дейтіндер де бар. Күн сайын әлемде тәулігіне 90 млн баррель өндірілетінін ескерсек, мұндай болжамның да қисынсыз екені көрініп тұр.

Қашаған мұнайы отандық экономиканың дағдарысты қиналмай еңсеруін қамтамасыз қуатты күш болғалы тұр. Ал нарықтық қатынастың тамыры терең тарихы көрсеткендей, алтын, тіпті ол «қара» болса да көптік етпейді...

Талап ТІЛЕГЕН

Econometr

Инвестиция көлемі артты

Өткен жылдың дәл осы уақытымен салыстырғанда шетелдік инвестиция көлемі бес есеге өсті. Сыртқы істер министрі Ерлан Ыдырысов Мәжілісте жартыжылдықтың қорытындысын жасап, қанша инвестиця тартылғанын хабарлады.

Министрдің сөзіне сенсек, қазіргі таңда шетелдік инвестиция көлемі 5,7 млрд теңгені құрайды. Е.Ыдырысов «Елбасының соңғы екі жылда негізгі серіктес елдерге жұмыс сапарымен баруының арқасында экономикаға 42 млрд доллар тартылды. Биылғы жартыжылдықты алатын болсақ, инвестиция көлемінің өткен жылға қарағанда, 5 есеге артқанын көруге болады» – деді. Қыркүйек айындағы дерекке жүгінсек, шетелдіктердің қатысуымен 20 мыңға жуық мекеме, кәсіпорын тіркелген. Соның ішінде Ресей, Түркия, Германия және Қытай елдерімен бірлескен кәсіпорындар бар.

Ұлт саулығы

Қатерлі індетпен күрестің қарқыны

Дүние жүзі бойынша ғасыр індетімен күресуін күресіп келеді. Бірақ нәтижесі көңіл көншітер емес. Дегенмен еліміздегі жағдайға қарасақ, бұл кеселдің көрсеткіші төмендеу. Дүниежүзілік экономикалық форумның 2016-2017 жылдарға арналған Ғаламдық бәсекеге қабілеттілік индексі бойынша еліміз ВИЧ індеті аз таралған елдер тізімінде бірінші орында тұр. Әрине, ол үшін сан түрлі бағдарлама қабылданып, мемлекет тарапынан қолдау көрсетілді. Енді кішкене шегініс жасайық.

Өткен ғасырдың сексенінші жылдары: «Шетелде СПИД вирусы шығыпты. Адамдарды қынадай қырып жатыр!» – деген ақпарат таралғанда, «Е, біздің елге жетемін дегенше, қанша заман бар?» – деп арқаны кеңге салып, аса мән бере қоймадық. Ол туралы сауатымыз да шамалы болатын. Тіпті оның қандай ауруға апаратынын, неден таралатынын білмейтіндер де болды. Аузынан от шашқан аждаһадай, әлемге үрей туғызған ЖҚТБ *(Жұқтырылған қорғаныш тапшылығының белгісі)* еліміздің бар өңіріне таралып, тұқымы құрғырдан ажал құшып жатқандар саны еселеп артты. СПИД дегенде тұла бойы дір етіп, ал осы аурумен ауырғандар алғаш естігенде өмірден баз кешіп, өмірінің мәнінен, тұрмысының сәнінен айырылып, қайғының қайығына отыра кеткенін несіне жасырамыз? Жол-жөнекей жыныстық қатынастан, донордан, есірткі пайдаланатын иеден, анадан туылған балаға жұға кететін індет 2010 жылы 15318 адамға жұғып үлгеріпті. Ал еліміздегі ЖҚТБ орталығының 2011 жылғы мәліметіне сенсек, 18459 АҚТБ *(Адамның қорғаныш тапшылығының белгісі)* инфекциясы бар наукас тіркелген. Қорқынышты дерек. Еліміз бойынша Алматы қаласында дертке шалдыққан науқас саны басым болып келген. 23 жыл ішінде Алматы облысында АҚТБ инфекциясынан 557 адам о дүние есігін қаққан болса, ЖҚТБ-дан 88 адам ажал құшқан. Дәл қазір Оңтүстік Қазақстан облысында 2 мың 735 адам ВИЧ диагнозымен өмір сүріп жатыр. Әрине, осылай санды сөйлету оңай болғанымен, онымен күресу қиын шаруа. СПИД-тің өршуіне түрмедегі нашақор мен көшедегі жеңіл жүрісті қыз да айтарлықтай зиянды үлес қосып отыр. Әзірге оның емі табылар емес. Осындайда тәуіптердің дәурені жүреді екен. «СПИД-тің емін таптым!» деп жарияға жар салған емші шықты бір жылдары. Иә, Шымкентте осындай ақпарат таралған. Дүниежүзінің ғалымдары аждаһаның отын өшіре алмай жатқанда, тәуіптер тал түсте «жаңалық» ашып жатты. Жә, жарайды, олар туралы әңгімені ысыра тұрайық, «Қуырдақтың көкесін түйе сойғанда көресің» демекші, жұқпалы аурумен күресетін дәрігерлердің арасында да ВИЧ жұқтырған қызметкерлердің көбейіп кеткені көңіл құлазытады. Арнайы медициналық тексеру барысында сорақы жағдайлар анықталды. Инфекция жұқтырған қызметкерлердің қатары 4 жарым есеге көбейген. 2015 жылдың соңында денсаулық сақтау саласына енгізілген жаңа талапқа сәйкес, бүкіл дәрігерлер ВИЧ індетіне тексерілуге міндеттелген болатын. Деректер денемізді дір еткізсе де айтайық. Медицина қызметкерлері арасындағы 51 адамнан осы дерт анықталған. Ащы шындық осы. Оның жартысы қызмет көрсетушілер болса, қалғаны дәрігерлер. Республикалық ЖИТС орталығының бас директоры Әсілхан Әбішевтің сөзіне назар аударайық: «Негізі, тек 22 қызметкерден анықталды. Олар қазір басқа жұмысқа ауысқан. Дәрігерлер арасында ВИЧ індетін жұқтырғандардың басым бөлігі Алматыда және олардың барлығы әйелдер. Осы ВИЧ-пен ауыратын 10 медицина саласы қызметкерінің 8-і әлі 40 жасқа да келмеген. «Ауруды жасырған өледі» деген бар, сондықтан құпия сақтамай, оларды емдеуге кірісіп кеттік».

Мұның бәрі өткен, кері кеткен уақыттың еншісінде. Одан бері қаншама жылдар жылжыды, өзгеріс бар ма? Әрине, үкіметтің бұл қауіпті дертке аса мән беріп, сырқаттанғандарға ерекше қамқорлық жасауы өз нәтижесін беріп келеді. СПИД-ке шалдыққандар тегін емделеді. Азия құрлығында біздің ел ғана осындай қадамға барып отыр. Астанадағы СПИД орталығы бас дәрігерінің орынбасары Салтанат Мусинаның сөзіне жүгінсек, Астанада әрбір науқасты емдеуге мемлекеттен жылына 500-900 мың теңге бөлінетін көрінеді. 94 адам антиретровирустық арнайы терапия қабылдауда. Олардың әрқайсысы емді әртүрлі көлемде алады. Бұл дәрілер өте қымбат тұрады. Сондай-ақ тіркеуде тұратындардың әрқайсысы алып жүрген емінің тиімділігін және иммундық жүйенің жағдайын бағалау үшін жылына кем дегенде екі рет зертханалық тексерістен өтіп тұрады. Ал, анализ бағасы арзан емес. Әрбірі 20 мың теңге көлемінде. Мұны да мемлекет өз мойнына алып отыр.

Ғасыр індетіне қарсы іс-шаралар елімізде жүйелі жалғасып келеді. Мәселен, күні кеше ғана Алматы қаласында «ВИЧ. Кеше, бүгін, ертең» тақырыбында кеңейтілген конференцияның өтуі – осының дәлелі. Конференцияда сөз алған денсаулық сақтау және әлеуметтік даму вице-министрі Елжан Біртановтың сөзіне сенсек, әсіресе соңғы жылдары елімізде бұл індеттің таралуы біршама тежелді. Оның себебі де бар. Нақты шаралар жүзеге асырыла басталды. Сөз соңында айтарымыз, лайым солай болғай, «Тәні саудың, жаны сау» деген қанатты сөз бар. Салауатты өмір салтын ұстайық, ағайын!

Мұхтар ШЕРІМ

Құлаққағыс

Құрғақ уәдеге сенбеу керек

Ақшаны үлескерлік құрылысқа берместен бұрын компаниядан екі құжат талап ету қажет. Бұл туралы Бас прокурор Жақып Асанов отандастарымызға үндеу жасау барысында мәлім етті.

Ж.Асанов «Тұрғын үй – өмірдегі ең басты қажеттіліктің бірі. Халқымыз «Үйі жоқтың күйі жоқ» деп бекер айтпайды. Оны қолжетімді ету үшін елімізде арнайы бағдарламалар іске асуда. 25 жылда миллионнан астам отбасы баспаналы болды. Бірақ осы мәселенің басқа да жағы бар. Кейбір құрылыс компаниялары арзан бағамен қызықтырып, күмәнді шарттар ұсынып, көп адамды алдап кетті. Азаматтар жылдап жинаған ақшасынан айырылып, армандаған пәтерін ала алмай қалған», – деді. Оның айтуынша, 10 қазанда жаңа заң қолданысқа енді. Енді құрылыс компаниялары үлескерлердің ақшасын тек екі жағдайда – арнайы Қор компанияға кепілдік берсе немесе әкімдіктің рұқсат қағазы болса ғана тарта алады. Бас прокурор «Кез келген жарнамаға, ауызша берген уәдеге сеніп, «үй салатын жері бар екен ғой» деп ақшаларыңызды кім болса, соған бермеңіздер!», – деп ескерту жасады.

Дүрбі

Қаржы министрі Бақыт Сұлтанов отандастарымыздың өзге елде қанша қаржы сақтап отырғанын біледі. Ол бұл туралы дүйсенбі күні өткен үкімет отырысында хабарлады. Бас қаржыгердің айтуына қарағанда, бүгінгі таңда еліміздің 712 азаматы шетелдік банктерде 52 түрлі валютамен ақша ұстайды.

Шетелде ақшаң болса...

Министр «Ең көп таралған валютаға тоқталсақ, 240 азамат – 517 млн доллар, 237 азамат – 30 млн еуро, ал 123 азамат – 23 млн фунт стерлингпен сақтайды», – дейді. Б.Сұлтанов 2020 жылға дейін мемлекеттік органдардың мәлімет базасын бірізге түсіру және ақпараттық жүйенің бір ретке келтіру бойынша орындалу қажет деген пікірде. Ол «Қазірдің өзінде отандастарымыздың шетелдегі қаржысы мен мүлкін бақылауға алатын механизм бар. Айта кетейін, салық кодексінің шетелдік капиталды жариялау деген нормасын ешкім кері шегерген жоқ», – деді. Тағы бір ескеретін мәселе, 2017 жылдан бастап салық кодексінің шетелдегі табысын міндетті түрде жариялау деген нормасы күшіне енеді.

Сөз-жебе

Мұрат ӘБЕНОВ,
қоғам қайраткері:

«Бизнес қай жерде дамиды? Адам саны көп жерде дамиды. Себебі ондай ортада бәсекелестік бар. Мәселен, біз Риддер қаласында болдық. Ол қалада 65 мың адам тұрады. Бар болғаны 126 адам жұмыссыз. Соларға «Жұмыс істе. 60 мың теңгеге ең болмаса көше сыпыр» – деп ұсыныс жасаса, келіспейді екен. Жаңа автобустар бос тұр. 150 мың айлыққа ешкім жұмыс істегісі келмейді. Полицияға баратын адам жоқ. Осылайша, халық арасында бәсекелестік болмағасын, нарық төмендейді»

Бала құқығы

Алименттен құтылмайсың

Алматыда балаларына алимент төлеуден жалтарып жүргендер жаппай әкімшілік қамауға алынып жатыр. Себебі сот шешімі шыққан соң көк тиын төлемей жүрген «қашқын» әкенің қарызы 600 мың теңгеден асып кетіпті.

Жауапсыз әкелердің бұл сөзінен шаршаған сот орындаушылары істі сотқа жеткізіп, оларды 5 тәулікке дейін қамап жатыр. Жыл басынан бері осындай 114 іс қаралған. Жылдар бойы алимент төлемегендердің қарызы 600 мыңнан асып кеткен екен. Көп жағдайда төлемнің уақытылы жасалмауын денсаулықтың сыр бергенімен, жағдайының төмендігі және жұмыссыздықпен байланыстыратын көрінеді. Алматы қаласы Медеу аудандық прокуратурасының бөлім басшысы Ізбасар Масақбаевтың айтуынша, әкімшілік сотта 12 азамат қамауға алынған. Темір тордан шыққан соң 3 ай ішінде баласының алдындағы қарызын толық өтемесе, қылмыстық жауапкершілікке тартылады.

4 ЖҚ NARYQ
E-mail: jas_qazaq@mail.ru www.jasqazaq.kz

Қаржы және экономика

САЛЫҚ МӘДЕНИЕТІ

Коллаж Ғ.ҚАЛИЕВА

(Басы 1-бетте)

БІР ТӘУІРІ, БІЗДІҢ ЕЛІМІЗДЕ САЛЫҚ ЖҮЙЕСІНЕ ҚАТЫСТЫ МАҢЫЗДЫ ШЕШІМДЕР ЖҮРДІМ–БАРДЫМ ҚАБЫЛДАНБАЙДЫ.

Олай деуге негіз бар. Еске түсірсек, былтырғы жылдың соңында Салық және Кеден кодексін біріктіріп, қосымша құн салығының (ҚҚС) орнына сатудан түскен табысқа салық енгізілетіні айтылды. Сарапшылардың біразы бұл қадамға бару қажеттігін мойындады да. Себебі ҚҚС сыбайлас жемқорлықтың өрістеуіне жағдай жасап келгені құпия емес. Елде, тіпті ҚҚС-ты қайтаруға арналған тұтас бір кәсіп қалыптасқан көрінеді. Бұл туралы былтыр Президент Нұрсұлтан Назарбаевтың өзі ескерткен болатын. Сондықтан ҚҚС-ты алып тастау мәселесі өзекті болып отыр.

Әйтсе де, сатудан түскен табысқа салық салу ҚҚС-қа қарағанда тиімді болғанымен, инфляцияның шарықтауына әсер етпей қоймайды. Айналып келгенде, ауыртпалық тұтынушының мойнына түседі. «Атамекен» ұлттық кәсіпкерлер палатасы өз есебін де жүргізіп көрді. Нақты өндірушіден тұтынушыға дейінгі тізбекті алып, экономикалық үлгі құрды. Мәселен, сатудан түскен табыс салығы мөлшерлемесі сүттің бір литріне 5 пайыз болса, сүттің өзінің құны 9 пайызға жетеді. Сондай-ақ АИ-92 бензині 9 пайыз, құс еті – 10 пайыз, электр қуатының бір киловаты 4 пайызды құрайтынын есептеп шығарды. Сонда отандық тауар мен қызмет көрсетудің өзіндік құны 9 пайыздан 15 пайызға дейін көтеріледі. Ал өнімнің өзіндік құны артса, отандық экспортшылардың

бәсекеге қабілеттілігі төмендейді. Өндіруден гөрі сырттан әкелу тиімді бола түседі. Осыны ескерді ме, әйтеуір, ұлттық экономика министрлігі сатудан түскен табысқа салық салудан әзірге бас тартты. Қазіргі дағдарыс жағдайында бұл да бір оңтайлы шешім.

Бізде ел бюджетінің бүйірін негізінен корпоративтік табыс салығы мен қосымша құн салығы (ҚҚС) қампайтады. Ал жеке табыс салығының үлесі соншалықты мардымды емес. Бұл отандық экономикада ірі кәсіпорындарға басымдық берілумен байланысты. Мәселен, елдегі ең ірі 100 салық төлеуші кәсіпорын 1999-2001 жылдары бюджетке төленетін салық түсімінің 45-52 пайызын қамтамасыз етті. Көптеген шет мемлекеттерде, керісінше, ауыртпалық жеке табыс салығын төлейтін орта және шағын бизнеске түседі. Біздегі орта және шағын бизнестің жүгі жеңіл. Қосымша құн салығын да кез келген кәсіпкер төлей бермейді. Жуырда ұлттық экономика министрі Қуандық Бишімбаев салық төлеушілердің үштен бір бөлігі тым жоғары салық төлейтінін, кейбіреулердің мүлде төлемейтінін жеткізді.

«Біз тағы да ҚҚС бойынша есепке тұру шегі мәселесіне қайта ораламыз. Әлем бойынша бізде ол ең жоғары саналады. Сондықтан экономиканың үштен бірі бақылаудан шет қалып отыр. Бұл – жұмыс орнын көбейтетін шағын және орта бизнес, ал оның жұмысы анағұрлым ашық болуы тиіс», – дейді ол. Мәселен, елдегі кәсіпорынның үштен бір бөлігі 5 пайыздан аз салық төлейді. Олар ҚҚС төлемейді, кіріс пен шығыс есебін жүргізбейді, қанша адам жұмыс істейтінін жасырып, қызметкерлерінің зейнетақы жинақтау қорына ақша аударымын жасамайды. Министрдің айтуынша, осындай 5 пайыздан аз салық төлейтін кәсіпорын 30 пайыз шамасында. Екінші топтағылар 10-15 пайыз көлемінде салық төлейді. Түгелдей төлейтін үшінші топтың салық ауыртпалығы 20 пайызды құрайды. Бүкіл салықты төлеп, қосымша әлеуметтік міндеттемесін орындайтын төртінші топ та бар. Олардың бүкіл төлемі 45 пайызға жетеді.

Сондықтан жаңа Салық кодексі осы олқылықты түзетуге бағытталған.

Бұл орайда Ұлттық экономика мен Қаржы министрлігі тізе қосып әрекет етеді. Қазір жаңа стратегиялық Салық-Кеден кодексі дайындалып жатыр. 2018 жылы ол Парламент қарауына жіберіледі. Келесі жылы ҚҚС бойынша есепке тұрудың шекті көлемін 10 есе азайту көзделгені мәлім. Заңнамаға бұл өзгеріс өтіп кетсе, салық төлеушілердің қатары артып, салық есебі мен төлемі бойынша міндеттемесі көбейеді. Алайда министр Бишімбаевтың айтуынша, экономикалық жағдайға байланысты, мұндай шешімнен де бас тартуға тура келді. Сондықтан 2017 жылы ештеңе өзгермейді. 2018 жылдан бастап қана ҚҚС шекті көлемі төмендетіле бастайды. Сонда ҚҚС бойынша есепке тұру шегі мынадай болмақ: 2017 жылы – 30 мың АЕК *(64 млн теңге)*, 2018 ж. – 25 мың АЕК *(53 млн теңге)*, 2019 ж. – 20 АЕК *(42,4 млн теңге)*, 2020 ж. 15 мың АЕК-ке дейін *(31,8 млн теңге)*.

Сонымен бірге салық бақылауы шеңберінде үкімет бекітетін тізімге енген 300 ірі салық төлеушіге қатысты мониторинг жүргізіледі. Ірі салық төлеушінің жинақталған жылдық табысы қомақты болуы қажет, актив құны 325 есептік көрсеткіштен кем емес және қызметкерлерінің саны 250-ден төмен болмауы тиіс. Ірі салық төлеушіге ҚҚС қайтарудың жеңілдетілген түрі қолданылады. Бұл былайша айтқанда, «жасыл дәліз». Осы тізімге барлық жер

қойнауын пайдаланушылар мен қала құрылысы саласындағы заңды тұлғаларды енгізу ұсынылды. Өйткені қазір ірі елді мекендердің тіршілігі маңайындағы ірі кәсіпорындармен байланысты.

Енді солардың қызметі мен салық төлеуі бақылауға алынады.

Ұлттық экономика министрінің есебінше, заңнамаға өзгеріс енгізілгеннен кейін бюджетке 237 млрд теңге көлемінде салық түседі. Сонымен қатар жеңілдік беру есебінен 176 млрд шығын болуы мүмкін. Бірақ қалай болғанда да, салық жүйесінде тепе-теңдік орнатылады. «Бір қарағанда, салықты неғұрлым көбірек жинағымыз келетіндей болып көрінеді. Бірақ шын мәнінде, біз нарықтағы барлық қатысушылардың салықты тең дәрежеде төлеуін қалаймыз. Біз салық төлеп жүргендердің жүгін ауырлатпаймыз, төлемейтіндерге салық саламыз», – дейді Бишімбаев мырза.

Жаңа заңнамаға басқа да өзгертулер енгізілді.

Айталық, алкоголь сусындарын өндірушілердің акцизді дайын өнімге көтеріп, этил спирті мен өндірісте қолданылатын өзге де қоспаларға акцизді азайту туралы өтініші де ескерілген көрінеді. Бұл отандық өндірушілерге сырттан келетін импорт өнімдермен бәсекеге түсетін жағдай жасайды. Акциз бағасы әжептәуір *(орта есеппен 45 пайызға)* көтеріледі. Бұл бюджетке қосымша 20 млрд теңге әкелуі тиіс.

Салық заңына енгізілетін тағы бір түзету әлеуметтік сипатқа ие. Ол Ұлттық банкпен бірлесіп әзірленген. Бұл бүгінгі күні ипотекалық несиесін төлей алмай жүргендерге қатысты. Ұлттық банк қайта қаржыландыру бағдарламасын бастады. Мұндағы өзгеріс мынадай: ипотекалық несиеге «байланғандардың» қарызы кешірілсе, банк жеке табыс салығын төлеуден босатылады. Ал олардың қарызын немесе айыппұлы мен қосымша төлемін *(пеня)* кешіретін банктер корпоративтік табыс салығынан босатылады. Өзгерістің әлеуметтік сипаты осыда.

Жаңа өзгерістер салық тексеруінің қорытындысын қайта қарау тәртібін де қарастырады. Айталық, электрондық шот-фактура, электрондық аудит және жеке тұлғалардың жалпыға ортақ декларация тапсыру мерзімі ұзартылады. Сотқа дейінгі салық және кеден дауын реттеу бойынша қоғамдастық өкілдерінің қатысуымен апелляциялық комиссия жұмыс істейді.

Қаржы министрлігіне қарасты мемлекеттік табыс комитетінің төрағасы Дәулет Ерғожиннің айтуынша, қазіргі кезде салық және кеден дауын комитет реттейді. Әйтсе де, түрлі жағдайды саралай келе, сотқа дейінгі дауды реттеу мәселесі қаржы министрлігі жанындағы апелляциялық комиссияда қаралатын болып шешілді. Комиссияға өзге де мүдделі мемлекет органдары мен «Атамекен» ұлттық кәсіпкерлер палатасының

өкілдері енгізіледі. Бұл сотқа дейінгі реттеудің жаңа институты болмақ.

Бұған қоса, міндетті электрондық шот-фактураға көшу кезеңдері ұсынылып отыр. 2018 жылдың 1 қаңтарынан электрондық шот-фактураны мониторингке енген ірі салық төлеушілер, 2019 жылдың 1 қаңтарынан ҚҚС төлеушілер бере бастайды.

Жеке тұлғалардың мүлкін декларациялау мәселесі бойынша: алғашқы кезеңде мемлекеттік қызметкерлер, судьялар мен ұлттық компания, квазимемлекеттік компания қызметкерлері 2017 жылдан бастап декларация тапсыруы тиіс делінген. Әйтсе де, дайындық барысында біршама қиындықтар туындаған көрінеді. Бұл әсіресе, жер телімі, ғимарат, автокөлік құралдарына қатысты. Сондықтан декларация тапсыруды кезеңге бөлмей-ақ, 2020 жылы бір-ақ бастау ұйғарылды. Бірақ оған дейін мемлекеттік органдар өздерінің мәлімет базасын тазартуы тиіс.

Сондай-ақ декларацияда көрсетілетін мүліктің шекті көлемін көтеру, алғашқы кезеңде декларацияны дер кезінде тапсырмағаны үшін және дұрыс мағлұмат бермегені үшін төленетін айыппұл мөлшерін азайту ұсынылды.

Гүлнар АХМЕТОВА

Игі іс

«Менің елім» бағдарламасы – Аршалыда

Тәуелсіздіктің 25 жылдығына орай, «Самұрық-Қазына» АҚ компаниялар тобы «Менің елім» әлеуметтік инвестициялар бағдарламасын іске қосты. Бағдарламаның тұсаукесері Аршалы кентінде өтті. Онда бағдарламаның бірінші нысандары іске асырылды. Бағдарламаның әкімшісі – Samruk-Kazyna Trust әлеуметтік жобаларды дамыту қоры.

Бүгінде «Самұрық-Қазына» АҚ компаниялар тобы – бұл 500 аса компания мен 325 000 аса адам. Сондықтан Қордың стратегиялық басымдықтары – өңірлерде әлеуметтік инфрақұрылымды жақсарту және холдингтің әр қызметкері өмірінің сапалы деңгейін қамтамасыз ету болып табылады. Бағдарламаның мақсаты – өңірлердегі өмір сапасын арттыру, тұрғындардың сапалы қалалық ортаға, білім беруге, медицинаға және мәдени нысандарға қол жетімділігін кеңейту.

Бағдарлама Қазақстанның «Самұрық-Қазына» АҚ холдингінің өндіруші және өңдеуші компаниялары орналасқан өңірлерін қамтиды. Бірінші кезеңде *(2016-2017 жылдар)* бағдарлама Ақмола, Павлодар және Маңғыстау облыстарын, келесі жылдары – еліміздің тағы 6 облысын қамтымақ.

Жоба аясында Аршалы кентінде бірінші нысандардың тұсаукесері өтті. Оған білім және ғылым министрінің балалар құқықтарын қорғау жөніндегі кеңесшісі Бәлия Кенжеболатова, Мәжілісі депутаттары және қоғамдық қайраткерлер қатысты.

Аршалы кентінде саябақта және жалпы білім беретін орта мектепте бос уақыт өткізуге болатын спорт нысандары жүзеге асырылған. Орта мектептің спорт залында жөндеу жұмыстары жүргізілген, мектеп спорт құралдарымен және Street Workout алаңымен жабдықталған. Сонымен қатар Аршалы кентінің саябағында келесі спорт нысандары жасалған: Street Workout алаңы, инклюзивті балалар және

спорт алаңдары, стритболға арналған алаң және әмбебап спорт алаңы.

«Бағдарлама бойынша Аршалыда табысталған нысандар – бұл өңірлерді дамытудағы бірінші қадам. Бағдарламамызды балалармен және спортпен байланысты жобалардан бастағанымыз кездейсоқ емес, дені сау әрі дамыған балалар сәтті болашағымыздың кепілі болып табылады. Сонымен қатар біз мемлекетке Қазақстанның барлық тұрғындарының салауатты өмір салтына бірдей қол жетімділігін қамтамасыз етуде көмектесеміз. Бағдарлама аясында өңірлердің тарихи-мәдени мұрасын жандандырамыз және жергілікті қоғамдастықтарға әр өңір үшін маңызды жобаларды іске асыруда жәрдемдесеміз. Бұның барлығы – 9 өңірді қамтитын бағдарламамыздың іске асырылу бағыттары», - деді жоба туралы «Самұрық-Қазына» АҚ коммуникациялар жөніндегі басқарушы директоры Дархан Кәлетаев.

Жобаны іске асыруға Samruk-Kazyna Trust әлеуметтік жобаларды дамыту қоры арқылы жыл сайын 3 миллиард теңгеге дейін бөлу жоспарланған.

Samruk-Kazyna Trust қорының сараптамалық-консультациялық кеңесінің мүшесі Мұрат Әбеновтің айтуынша, «дарындылар негізінде өңірлерден шығады. Воркаут алаңының ашылуына келген балалардың көздері жанып, жаттығуға және жетістіктерге жетуге деген ынталары пайда болды. Осындай жобалар арқылы біз бұдан да көп чемпиондар тәрбиелей аламыз деген сенімім зор».

Бұл күні кентте мерекелік көңіл-күй орнады – тұрғындар саябақта серуендеп, балалар мен үлкендер жаңа жаттығу құрылғыларын пайдаланып көрді.

Айта кету керек, кенттің өз чемпионы бар – ауылдастарын құттықтауға Street Workout бойынша әлем чемпионы Дияс Биджиев келді. Ол 2008 жылы өз жолын ескі стадиондағы жаттығулардан бастаған. Дияс жастарға табыс әрі жаңа жеңістерге жетуді тіледі.

Руслан ДОСТАЕВ

Жетістік

Жаңа 20 мың жұмыс орны

«Теңізшевройл» компаниясы жыл басынан бері 14,4 млн тонна мұнай өндірді. Осы аптада кәсіпорынның директоры Тед Этчисон жартыжылдың қорытындысын жасап, алдағы жоспармен бөлісті.

1993 жылы құрылған жауапкершілігі шектеулі серіктестігі осы уақытқа дейін ел экономикасына 115 млрд доллар ақша құйған. Қазір онда 4 мыңға жуық адам қызмет етеді. Оның 86 пайызы отандасымыз. Алдағы уақытта 20 мың жаңа жұмыс орны ашылады деген жоспар бар. Т. Этчисон «Мұнай бағасы қанша түссе де, қызметкерлердің жалақысы азаймайды. Жергілікті азаматтардың біліктілігін арттырып, шетелден тәжірибе алуға мүмкіндік жасау компанияның басты қағидасының бірі», – дейді.

E-mail: jas_qazaq@mail.ru www.jasqazaq.kz

(Басы 1-бетте)

КЕЙІН БІЗДІҢ «ҚАУАШАҚҚА» ӘДЕМІ ОЙ КЕЛДІ. «ЖАС ҚАЗАҚТЫҢ» КОНФЕРЕНЦИЯСЫН ОСЫНДА ӨТКІЗСЕК. ТІЛІМІЗДІ МЕҢГЕРГЕН, ДӘСТҮРІМІЗДІ ЖЕТІК БІЛЕТІН ӨЗГЕ ҰЛТ ӨКІЛДЕРІНІҢ БАЛАЛАРЫ СӨЗ СӨЙЛЕП, ПІКІР АЙТСА, БАСҚАЛАРҒА ҮЛГІ БОЛАР ЕДІ.

«БІЗ ҚАЗАҚША СӨЙЛЕЙМІЗ!»

Жас қазақ: Егор ұстаздарың сені Қобыланды батыр жырын жатқа біледі дейді. Қазақ тілін қай жасыңнан бастап білесің?

Егор ТИХОНОВ, *1-курс студенті:*

Қарақыпшақ Қобыланды-
Атасы мұның Тоқтарбай,
Халықтан асқан болды бай.
Байлығында есеп жоқ,
Айдалып бағып жайылды
Төрт түлік малдың бәрі сай.

Елімізде тұратын әрбір азаматтың қазақ тілін білуі парыз. Ал оқып үйренбеу менінше, мүлде ұят тәрізді. Мен өзім кішкентай кезімнен қазақ тілінде сөйлеп, қазақ балаларымен дос болып өстім. Мектепте сабақ берген апайым менің тілге деген ықыласымды көргеннен кейін көбірек көңіл бөле бастады. Соның арқасында жетік меңгеріп алдым. Еш қиындығы жоқ. Содан соң мені түрлі байқауларға қатыстыра бастады. «Абай оқуларына», «Оралхан Бөкей оқуларына», қазақ тілі мен әдебиеті пәндері бойынша өтетін аудандық, облыстық олимпиадаларға қатыстым. Қазір Қобыланды жырын тұтас жатқа оқимын. Ұлы Абайдың өлеңдері мен қара сөздерін кез келген жерінен сұрасаңыз да айтып бере аламын. Осы былтыр ғана 8-сыныпта оқып жүргенімде облыстық «Абай оқулары» байқауында бірінші орынға ие болдым.

Менің әпкем де қазақ тілінде сөйлейді. Отбасымызда екі ұлттың да салт-дәстүрлері сақталған. Жыл сайын анам наурыз көже дайындайды. Тіпті айт кезінде де біздің үйде бауырсақ пен жұқа нан пісіріледі. Ал қазақтың үлкен асы – етті сүйсініп жеймін. Оны айтасыз біздің үйдің төрінде домбыра ілулі тұр. Анамның мамандығы аспаз болғанымен, домбыраны жақсы тартады. Сол кезде мен қос ішектен шыққан үнге елітіп, елжіреп тыңдайтынмын.

Біздің Есіл ауданында қазақтар оншалықты көп емес. Бірақ көбі орыс тілінде сөйлейді.

Жас қазақ: Давид сенің ұлтың неміс деп естідік. Таңдаған мамандығың спортпен байланысты екен. Қазақтың ұлттық спорт түрлеріне қызығасың ба?

Давид Яскульский, *1-курс студенті:*

– Төртінші сыныпқа дейін Зеренді ауданы Приреченское ауылында орыс тілінде оқыдым. Кейін әлдебір себеппен отбасымыз Ұялы ауылына көшіп келді. Ол жердегі мектеп қазақ тілінде ғана екен. Амалсыздан қазақ тілінде оқыдым. Бірден игеріп кеттім. Менің таза сөйлейтінімді көрген талай замандастарым «Қиын емес пе?» – деп таңырқап сұрап жатады. Мен оларға баяғыда кеңес өкіметі кезінде қазақ балалары орыс тілінде білім алып шықты. Бұл да сол сияқты деп қоямын. Өз басым 5-сыныптан бастап таза қазақ тілінде білім алып келемін. Ал қазақ тіліндегі көркем әдебиеттерді сүйсініп оқимын. Ағамыз екеуіміз басымыз қосыла қалғанда, осы тілде сөйлейміз. Кейде көшеде келе жатқанда құпия әңгімеміз болса, басқалар түсінбесін деп бірден мемлекеттік тілге көшеміз. Достарымыз «Не айтып келе жатырсыңдар?» – деп қайта-қайта сұрайды. Менің өз басыма қазақтың керемет салт-дәстүрлері қатты ұнайды. Әсіресе, жігіттердің білек күші, жүрегі сыналатын көкпар, қыз қуу, қазақша күрес тамаша өнер емес пе? Бала кезімізден асық ойнап өстік. Қазір мен тоғызқұмалақты жақсы игеріп алдым. Бұл ойын адамның ой-өрісінің дамуына көп көмегін тигізеді.

Спортпен айналысып жүрген соң ағзамыздың кінәратсыз болғандығы дұрыс қой. Мен бал татитын қымызды сүйсініп ішемін. Бұл – қазақ халқының тамаша тағамы. Ұлыға барғанда кез келген бие байлаған үй шақырып қымыз береді.

Руслан Кочальский, *1-курс студенті:*

– Мен де кішкентайымнан қазақ тілінде сөйлеймін. Өйткені, тағдырдың жазуымен балалар үйінде тәлім-тәрбие алдым. Нанасыз ба, ондағы достарымның көбі қазақтың балалары болды. Солармен ойнап, сөйлесіп жүргенімде тілдерін қалай үйреніп кеткенімді өзім де байқамай қалыппын. Балалар үйінің атынан бірнеше мәрте жарысқа қатыстым. Аудандық, облыстық додаларда жүлделі орын алып жүрмін. Мектепте Аккөл ауданының орталығындағы №3 білім ошағында оқыдым. Ол жерде мен орыс тілінде де оқи алар едім. Бірақ достарым қазақ болған соң, қазақ тілінде білім алғанды жөн санадым. Ол қадамыма ешқашан өкінбеймін.

Өмір болған соң нешетүрлі жағдай болады. Кейде қоғамдық орындарға барғанымда мені қазақша түсінбейді деп ора шолақ орысшасымен сөйлесіп жататындар кездесіп қалады. Мен оларға «жаныңызды қинамай, қазақша неге сөйлемейсіздер» – деп қоямын. Сол сәтте олар таң қалады.

Жас қазақ: Қазақ тілінде сөйлеп, ұлттық құндылықтарымызды тізбелеп отырғандарыңыз жүрегіме жағып барады. Елена сіз қайдан үйрендіңіз?

Елена Роот, *4-курс студенті:*

– Кішкентай кезімнен қазақ ауылында өстім. Дайындық сыныбынан бастап, қазақ мектебінде оқыдым. Жылымды таза қазақ ауылы, біз ғана өзге ұлт өкілі болдық. Достарымның барлығы қазақ. Шынымды айтсам, не бір орыс, не бір неміс досым жоқ. Туысқандарымнан басқа. Осында поляк қызы Лада ғана өзге ұлт өкілі деп айтуға болады. Оның өзі қазақ тілінде сөйлесіп, екеуіміз бір топта оқимыз,. Ойлана келіп, осы колледждің филология факультетіне түсуге бел будым. Тіл жағынан қарағанда оқу қиын емес. Бірақ әдебиеттен қиналған кезім болды. Әрине, барлық қазақтың ақын-жазушыларының өмірі мен шығармашылығы, олар туралы зерттеулер, шығармаларын оқу, осы жағынан қиналатын тұсым аз емес. Қазақстан тарихын сондай керемет білемін деп айта алмаймын. Бірақ бір адамдай білемін. Наурыз мейрамын қатты ұнатамын. Асыға күтемін десем, өтірік айтқандық емес. Жаңа жылдың алдында кішкентай балалар Аяз атаны көруге, одан сыйлық алуды асыға тағатсыздана күтеді. Сол сияқты мен де тағат таппай күтемін. Анам екеуіміз қазақтың ұлттық тағамдарын жасап, дастарқанымызды жайып қойып, бауырсақ пісіріп, «наурыз көже» дайындаймыз. Жылқының қазысы қосылған көже қашанда тіл үйіреді. Кейде анама үйге бара жатқанда «анашым маған «Наурыз көже» сияқты тағам әзірлеп қойшы деп өтінемін. Құрт қосылған сорпаға не жетсін, шіркін! Мектепте оқып жүргенде тоғызқұмалақ ойнадым. Қонақ келгенде де анам бауырсақ пісіріп, құлақнан жайып, ет асып қарсы алады. Өзімнің отбасым туралы айтсам, әкем көбіне қазақша сөйлейді. Анам орыс тілінде сөйлейді. Үйде орыс тілінде де, қазақша тілінде де сөйлесе береміз. Анам да түсінеді, бірақ сөйлемейді. Үйдің жалғыз қызымын. Қазақта немерені бауырына салып алу деген бар ғой, білмеймін әйтеуір атам мен әжем сол дәстүр бойынша мені өз тәрбиелеріне алып, әлпештеп өсірді. Олар қазақша сөйлесіп, қазақтың бар салт-дәстүрін, ырымдарын ұстанады. Әкем, оның бауырлары қазақ тілін еркін меңгерген. Оларды сөйлесіп жатқанда, ешкім бізді неміс деп те ойламайды, «қазақ» деп қалатындар бар. Кейбіреулер оларға сары қазақтар деп күледі екен. Туысқан сіңлілеріміз бәріміз бір жерге жинала қалсақ, қазақ тілінде әңгіме дүкен құрып сырласамыз.

Екінші дүниежүзілік соғысы кезінде әжем отбасымен Саратов қаласынан Зеренді ауданындағы Баратай ауылына қоныс аударыпты. Әжем он жасқа толғаннан кейін Жылымды ауылына көшіп келіпті. Ал атам Саратов қаласынан 1967 жылы көшіп келген. Жылымдыда әжеммен танысып, екеуі отбасын құрып, бүгінде ата мен әже атанып отыр. Қыста соғым соямыз. Қуырдақ әзірлейміз. Омыртқаға кісі шақырамыз.

Қазақстан жерінде тұратын кез келген азамат міндетті түрде мемлекеттік тіл – қазақ тілін білуі тиіс. Өзге тілдің бәрін біл, өз тіліңді құрметте. Жеті жұрттың тілін біл, жеті түрлі білім біл. Тіл үшін күрескен қаншама қайраткерлеріміз бар. Солардың ішінде маған Мағжан Жұмабаевтың «Қазақ тілі» өлеңі қатты ұнайды.

Лада Горошко, *4-курс студенті:*

– Солтүстік Қазақстан облысының Ақжар ауданында дүниеге келгенмін. Мектепке барғанымнан қазақ тілінде сабақ оқыдым. Тілді сонша ұнаттым, мектеп қабырғасында оқып жүргенімде осы филологиядан басқа мамандықсыз өзімді елестете алмадым. Алдағы уақытта осы мамандық бойынша жоғары оқу орнына түсіп, оқуымды жалғастырамын. Мұғалім болуды армандаймын. Егер өз мамандығыма байланысты жұмыс табылып жатса, оған қуанатын едім. Алайда таба алмасам, тілге қатысты бір жұмыс табылар. Аудармашы болсам да күн көрермін. Тіл білген адам далада қалмайды. Оның үстіне қазіргі таңда мемлекеттік қызметші болу үшін мемлекеттік тілді жетік меңгеру керек. Дегенмен ол жайында біздің көп аға-әпкелеріміз басын ауыртқылары келмейтін сияқты. Сонда қазақ тілінде келген хатқа қалай жауап береді екен деп таң қаламын. Өздері қазақ бола тұра, аудармашы іздейді.

Дайындық сыныбынан бастап қазақ тілінде білім алғаннан кейін қазақ тілінсіз өз өмірімді елестете де алмаймын. Тоғызыншы сыныпты тәмамдаған соң, қандай оқу орнына оқуға түссем деп көп ойланған жоқпын. Себебі ортаншы сыныптарда оқып жүргенімде осы Жанайдар Мусин атындағы қазақ педагогикалық колледжіне түскім келетін. Мұнда тек қана қазақ тілінде оқытады. Айналамда кілең қазақтар және Ленадан басқа өзге ұлт өкілі жоқ. Оның өзі қазақ тілінде сөйлейді. Сондықтан біз қазақ тілінде ғана сөйлейміз. Орысша, ағылшын тілінде аздап сөйлеймін. Бірақ қазақ тілін білетіндей деңгейде білемін деп айта алмаймын. Қазір туысқандарымды да онша көп көрмеймін. Олармен кездескенде орысша сөйлесуге тура келеді.

Қазақтың ұлттық салт-дәстүрлері, мейрамдары, оның ішінде Наурыз мейрамы ұнайды. Баланың дүниеге шыр етіп келгенінен бастап, о дүниеге аттанғанына дейін той ғой, шіркін. Орыс халқында ондай емес. Шағын ғана өзінің туған-туысы мен ең жақын деген достарын шақырып той өткізеді. Ал біздің қазекемдер ұлан-асыр той жасайды. Солардың ішінде қызға сырға салу, қыз ұзату сияқты аруларын әспеттеп, алақанында ұстайтын әдемі салт-дәстүрлері өзінің сән-салтанатымен маған ерекше ұнайды. Егер болашақта Надежда Лушникова апаларым сияқты қазақтың келіні болып жатсам, осындай салт-жоралғымен ұзатылғым келеді. Айналамда араласып жүрген жолдастарым, достарым бәрі қазақтар. Сондықтан бір қазақпен шаңырақ көтерермін деп ойлаймын.

Бесік жырын да жатқа білемін. Болашақта өз бөбегімді бесік жырымен әлдилеп, қазақтың әдемі әндерімен ұйықтатар едім. Ашамайға отырғызу, сүндет той, тұсаукесер сияқты салт-дәстүрлердің де орындалуын қадағалар едім. Себебі қазақтың әрбір салт-дәстүрінде ұрпақ тәрбиесі жатыр. Өзім қыз қуу ойынына қатысқаным да бар. Жылқыны жақсы көремін.

Ұлы Мұхтар Әуезов те «Ел боламын десең, бесігінді түзе» демейді ме. Міне, осы тұрғыдан алғанда, балаларымызды бесік жырымен әлдилесек, барлық әдебиетіміз бен мәдениетімізді бала жастан бойына сіңіре берсек, одан асқан патриот болмайды. Қазіргі қазақ эстрадасында нағыз қазақы болмыс-бітімі өзіне жарасқан, әрбір әні мен шығармасында қазақтың иісі аңқып тұратын бүгінде көп әндері хитке айналған Төреғали Төреәлі деген әншінің әндерін жаным жақсы көреді. Ол өзі айтыс ақыны болғандықтан, сөз қадірін білетін адам. Сондықтан, кез келген әнінің сөзі мен мән-мағынасы жарасып тұрады. Тіпті қазақ қызға үйленем деген әзіл-қалжыңға толы әні де өзіндік ерекшелігімен басқа әншілерден бөлектеніп тұрады. Бос уақытымда күй тыңдаймын. Ұйықтар алдында күй тыңдаймын.

Отбасында қазақ тілінде тек қана мен сөйлеймін. Анам орыс тілінде сөйлейді. Үйдегі қарым-қатынас орыс тілінде өрбиді. Олар қазақ тілін жақсы түсінеді. Ата-бабам тың игеру жылдары Қазақстанға жер аударылып келген. Содан бері менің ата-анам, біз осы елде туып-өстік. Сіз айтпақшы, тарихи Отанға оралыңдар деп жатса, онда мен өзім жалғыз қалсам да, Қазақстаннан асып ешқайда бармаушы едім.

Жас қазақ: Елімізге деген сүйіспеншілігіңіз, қазақ тіліне деген құрметіңізге бас иеміз. Валентинаға кезек берейік.

Валентина Дэль, *3-курс студенті:*

– Мен колледжге дейін тек қана орыс тілінде сөйлейтінмін. Себебі он бір жыл бойы орыс сыныбында білім алдым. Мектепте орыс сыныптары арасында өтетін қазақ тілі мен әдебиетінен олимпиадаларға қатысып, жүлделі орындардан көрініп жүрдім. Қазақ тілін Лена мен Лададай жетік білемін деп айта алмаймын, десек те, бір адамдай сөйлеймін. Оқуға түскен жылдары қазақша оқудың қиын екендігін көріп, жастықты жастанып алып жылаған күндерім болды. Дегенмен уақыт өте келе үйреніп кеттім. Әрине, өкінетін күндерім болды. Бірақ маған қазақтың қыздары сабақ барысында көп көмектесті. Олардың бойында кішіпейілділік, жомарттық, мейірімділік қасиеттер тұнып тұрады екен. Солардың қол ұшын беріп, түсінбеген жерлерді айтып жіберіп, үйретіп жіберіп, менің тілді тез меңгеруіме көмек болды. Отбасымда туғандарым, айналамдағы достарым бәрі орысша сөйлейді, орысша ойлайды. Мен өзім колледжге келген кезде ғана қазақ тілінде сөйлеймін. Тіпті қоғамдық орындарға, автобустарда жүрсек те, дүкеннен бір зат сатып алу үшін орыс тілінде сөйлеу қажет. Қонысбай ауылында бүгінде үш отбасы орыс ұлтының өкілдері тұрады. Қазақ ауылы. Барлық тұрғындар қазақша сөйлейтін шығар деп ойлайтынмын. Жоқ, олай емес екен. Аралас сөйлейді. Орысша да, қазақша да тіл табыса береді. Ата-анам қазақ тілі және әдебиетіне оқуға түсер алдында «Сен олардай жетік білмейсің. Қиын болады» – деп ақыл-кеңесін берді. Бірақ мен оларға «Қазақ тілін одан да жақсы білгім келеді» – дедім. Егер сіздер мен ағылшын тіліне оқуға баратын болсам, қарсы болмас едіңіздер ғой, үйрен, оқы деп айтар едіңіздер. Міне, дәл сол сияқты мен қазақ тілінде оқимын деп, осында өз еркіммен құжаттарымды әкеліп, емтихан тапсырып оқуға қабылдандым.

Біздің отбасымыз орыс болса да, қазақтың еті мен қымызын бәріміз ұнатамыз. Бауырсақ та пісіреміз. Бізді кейбір қазақтар борщ сияқты тағамдарды ғана дайындайды деп ойлайды. Жоқ, біз қазақтар сияқты ет жегенді ұнатамыз.

Вероника Каргина, *1-курс студенті:*

– Мен әнді сүйгендіктен, қазақ педагогикалық колледжінің музыка бөліміне оқуға түстім. Қазақ тілін балалық шақтан, дайындық сыныбынан бастап білемін.

Алты жасымнан бастап өмірім музыкамен байланысты. Қалалық, облыстық, республикалық байқауларға қатыстым. Астанада «Таңшолпан» республикалық байқау өтеді. Сонда жыл сайын балалар үйінің атынан қатысып, жүлделі бірінші, екінші орындарды иеленіп жүрдім. Өзім фортепиано класында оқимын, домбыра класына қатысамын. Қазір әр музыкалық аспаптың кіріспе сабақтарын оқып жатырмыз. Алдағы уақытта осы фортепиано мен домбыраны иегеріп шығамын деп ойлаймын. Бүгінде қазақ тілін өзге ұлт өкілдері жақсы біледі деп айта аламын. Өйткені, тәуелсіздік алғаннан бергі жылдары аралас мектептер көбейді ғой, сонда олар қазақ сыныптарымен араласып, қазақ балаларымен достар тапты.

Міне, өздеріңіз оқығандай өзге ұлт өкілдерінің балалары осылай сөйлейді, ойлайды. Конференцияны ұйымдастыру барысында біз олардың тілдеріне қиянат жасап, әрлеген жоқпыз. Негізгі сорабын сақтауға тырыстық. Бір қуанғанымыз – өзіміздікінен өзгенің пейілі кем емес екен.

Дайындаған
Байқал БАЙӘДІЛОВ,
Ақмола облысы

Демеу

Елімізде әр адамның жүріп-тұруы үшін қолайлы жағдай жасалуда. Әсіресе, мүмкіндігі шектеулі жандарға мемлекеттік органдар тарапынан қолдау көрсетіліп, ғимараттарға міндетті түрде пандус салынатын болды. Елбасымыз Нұрсұлтан Назарбаев «Қазақстан-2050: Бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ» Жолдауында «Мүмкіндігі шектеулі азаматтарымызға көбірек көңіл бөлу керек. Олар үшін Қазақстан кедергісіз аймаққа айналуы тиіс. Ондай адамдарға қамқорлық көрсету – бұл өзіміздің және қоғам алдындағы біздің парызымыз» деген еді.

Бүгінгі таңда мемлекет тарапынан айтарлықтай көңіл бөлініп жатқандығының нәтижесінде мүмкіндігі шектеулі жандар өздерін сан қырынан танытып, тәуелсіздігіміз тұғырлы, болашағымыз баянды, келешегіміз кемел болуы

Мүмкіндігі шектеулі жанға ҚАМҚОРЛЫҚ

үшін қал-қадірі жеткенінше аянып қалып жатқан жоқ. Мәселен, соңғы жылдары мүмкіндігі шектеулі жандар арасында спортқа бет бұрушылардың қатары жыл санап өсіп, жүзден жүйрік шыққандары әлемдік ареналарда ел абыройын асқақтатып жүр. Күні кеше ғана Рио төрінде өткен Паралимпиада ойындарында суда жүзу спорты бойынша алтыннан алқа тағынып қана қоймай, әлемдік рекордты жаңартқан Зүлфия Ғабидуллинаның жарқын жеңісі осы сөзіміздің айқын айғағы. Осылайша, мүмкіндігі шектеулі жандар да көк байрағымызды көкке көтеріп, Әнұранымызды әлем алдында әуелетіп, спорттан өз еншісін алуға ұмтылуда.

Осы орайда Әулиеата жерінде мүмкіндігі шектеулі азаматтардың спортпен шұғылдануына қаншалықты жағдай жасалғандығын білмек ниетте облыс әкімдігі дене шынықтыру және спорт басқармасына қарасты «Дене мүмкіндігі шектеулі адамдарға арналған спорт клубы» КММ-ның есігін қақтық. Облыс әкімдігінің 2012 жылғы 27 желтоқсандағы №439 қаулысы негізінде 2013 жылы құрылған спорт клубының директоры Саттар Бейсембаевтың айтуынша, облысымызда жас ерекшелігіне қарамастан, мүмкіндігі шектеулі азаматтардың өздері қалаған спорт түрімен айналысуына барлық мүмкіндік қарастырылған. Бұл клубтың негізгі бағыты мен мақсаты – қаламыздағы дене мүмкіндігі шектелген жандарды көбірек спортқа тарту арқылы, оларға моральдық және материалдық жағынан барынша жағдай жасау.

Саттар Ерғалиұлы «Мүмкіндігі шектеулі жандардың спортпен шұғылдануы ел спортының қарыштап дамуына септігін тигізеді. Жарымжан адамның ерік-жігерін көрген он екі мүшесі сау адам еріксіз таңдай қағып, спортқа қадам басары айдан анық. Бүгінгі таңда 192 мүмкіндігі шектеулі азамат спорттың тоғыз түрімен шұғылданады. Негізінен, мүмкіндігі шектеулі жандар тірек-қимыл қозғалысы зақымданған, көру және есту мүмкіндігінен айырылған спортшылар болып үш топқа бөлінеді. Әрқайсысы өздерінің шамасы келетін спорт түрін таңдап, жаттығады. Сондай-ақ клубта ҚР еңбек сіңірген он бір жаттықтырушы қызмет етіп, спортшыларды болаттай шыңдауда. Нәтижесінде көптеген спортшыларымыз тек республикалық турнирлерде ғана емес халықаралық, әлемдік бәсекелерде топ жарып, еліміздің мерейін үстем етуде.

Алдағы уақытта да жігері жасымаған қайсар жандардың тамаша табыстарға жететініне сеніміміз зор. Сондықтан өз тарапымыздан қолдан келген жағдайдың бәрін жасап, олардың шеберлігін шыңдай беруді жалғастырамыз», – дейді.

Айта кетейік, қаладағы спорт кешендерінде мүмкіндігі шектеулі азаматтар қалаған уақытында тегін жаттығу алады. Атап өтетін болсақ, еліміздегі теңдесі жоқ, спорт кешені болып танылған «Тараз-Аренада» жүзу, арбадағы спорттық би, еркін және грек-рим күресімен, орталық стадионда тоғызқұмалақ, шахмат және еркін және грек-рим күресімен, облыстық статистика департаментінің спорт залында үстел теннисімен, HAWK TECHNOLOGY спорт залында пауэрлифтингпен, ал «Мейірім» мектеп-интернаты мен «Дәулет» спорт кешенінде паратхэквондомен айналысуға жағдай жасалған.

Спорт кешендерінің тыныс-тіршілігімен танысу мақсатында «Қарасу» ықшамауданында орналасқан «Дәулет» спорт кешеніне ат басын бұрдық. Соңғы үлгідегі спорт құрал-жабдықтарымен жарақталған кешенде спортты серік еткен қала тұрғындары үшін тиісті жағдайдың барлығы жасалған. Сонымен қатар мүмкіндігі шектеулі азаматтар да ұмыт қалмапты. Жаттығу залында кездескен Халықаралық дәрежедегі спорт шебері, 2014-2015 жылғы паратхэквондодан Әлем чемпионатының жеңімпазы. 2015 жылы Еуропа чемпионатының күміс жүлдегері Өмірәлі Нышан осы мәселеге байланысты пікірімен бөлісті.

– Бүгінде қазақ халқының рухы көтерілген, ой-танымы да өскен. Ол, әрине, егемендік жемісі. Қазіргі таңда мемлекетіміз спорт саласына барлық жағдайды жасап отыр. Ең бастысы, мүмкіндігі шектеулі азаматтардың да назардан тыс қалмағаны қуантады. Сол себепті, еліміз артып отырған жауапкершілік жүгін сезініп, қандай да бір бәсекеде болмасын, ел абыройын асқақтатуды ғана мақсат етеміз.

Ал өзім айналысатын паратхэквонданың тек биылғы жылдан бастап Олимпиада ойындарының қатарына енгізіліп отырғандықтан, төрткүл әлем көз тіккен Бразилиядағы Олимпиада ойындарына қатыса алмадым. Енді, Алла қаласа, Токиода өтетін кезекті Олимпиада ойындарына қатысуды жоспарлап отырмыз. Дегенмен, ең алдымен іріктеулерден сүрінбей өтіп, жолдама ұтып алу керек. Қазіргі таңда жеке бапкерлеріммен бірге 2017 жылы өтетін Әлем чемпионатына дайындық жұмыстарын жүргізіп жатырмыз, – дейді чемпион.

Сондай-ақ Өмірәлі Нышан өз сөзінде мүмкіндігі шектеулі жандарға облысымызда жан-жақты жағдай жасалуы жарқын жеңістерге септігін тигізіп жатқандығын тілге тиек етті.

Иә, мүмкіндігі шектеулі жандардың басындағы мәселелерді шешуге биліктің тек есеп үшін ғана емес, шын жанашырлықпен кірісе бастағаны бізді қатты қуантады. Атқарылуға тиісті кезек күттірмес өзекті мәселелер кезең-кезеңімен шешімін тауып-ақ жатыр. Дегенмен, тек Олимпиада жүлдегерлеріне ғана емес, Паралимпиада болсын, өзге де бәсі жоғары бәсекеде топ жарған мүмкіндігі шектеулі азаматтарға берілетін сыйақы мөлшері көбейсе, аталмыш санатқа жататын азаматтар арасында үлкен спортқа бет бұрушылардың қатары әлдеқайда көбейер еді. Көпшілігінің қызығушылығы оянатындығы сөзсіз. Әрине, айтуға ғана оңай. Дегенмен, алдағы уақытта бұл мәселенің де оң шешімін табатынына сенімдіміз.

Дәулет ТӨЛЕНДІ,
Жамбыл облысы

Кәсіп

Ежелгі Ерейменнің ен даласы бабын тапса бағы, жанатын-ақ жер. Қыземшектеніп томпиып-томпиып жатқан төбелер мен шоқтықты шоқылардың етегі, ұшы-қиырына көз жетпейтін сайын далада атауын осы күні ел ұмытып қалған неше қилы шөп өседі. Нағыз мыңғыртып мал бағатын-ақ жер. Соңғы жылдары қара мал мен жылқы қызыл кітапқа енген түлік тәрізді Астанадан Керекуге дейін Ерейментаудың үстінен басып өтетін таспадай тартылған күре жолдың бойымен өтіп бара жатып қаншама жанарыңды жасытып қарасаң да көзге түсе қоймайды.

Ешкі өсіріп еншісі артты

Қолдағы азын-аулақ малдың үстінен жонып, тіршіліктің қам-қарекетіне амалсыздан жұмсаған соң мал басын өз төлі есебінен көбейту де оңай-оспақ шаруа емес. Дегенмен, ел ішінде серпіліс бар. Соны бір жаңалық ешкі түлігін өсіру. Әлмисақтан малмен көзін ашқан атам қазақ ешкіні төрт түліктің санатына қосқан емес. Әйтсе де, әргі-бергіні көңіл таразысымен бағамдаған атамыз «есің кетсе, ешкі жи» деп кейінгі ұрпағына табыстап кеткен екен. Есебі шаруаң оңғарылмай жатса, түтініңді түзу ұшыратын түлік осы ешкі дегені ғой. Өйткені, өзге түлікке қарағанда ешкі малы жылдам көбейеді. Жыл сайын бір төлдегенде екі әйтпесе, үш лақ ешкінің бауырында құлдыраңдап жүгіріп жүрмек. Ешкі етінің қой етінен кемдігі жоқ. Жалғыз айыбы тез суиды. Әрі сойғанда қоянша бітеу соймаса, жылы етке жабысып қалатын қылшығы көп. Ертеректе біздің елдегі малсақ, қауым қора мен маяның төбесіне шығып маза бермейтін ешкіні түбіті үшін ғана бағатын. Ол заманда ешкінің жып-жылы, жұп-жұмсақ түбітінен тоқылған шәлі әжелеріміздің арасында кәдімгідей бәсеке, «мода» еді ғой.

Ерейментау ауданының орталығында ел қатарлы ауыл шаруашылығы жәрмеңкесі өткізіліп тұрады. Жәрмеңкеден жәрмеңкенің айырмасы шамалы. Бәрі ауыл шаруашылығының өнімдері. Негізінен, ет, картоп, жұмыртқа. Ал соңғы уақытта арнайы жарты литрлік пластмасса құтыларға құйылған ешкі сүті елді елең еткізе түсті. Құтының сыртындағы жапсырма қағазындағы жазудан Ерейменнің өнімі екендігі тайға таңба басқандай көрініп тұр. Таңсық ас. Сөйтсек, ешкі сүті Ерейменде өндіріледі екен.

Астана гуманитарлық колледжінің түлегі, суретші, көркемдеуші мамандығын меңгерген Сәменбет Жанұзақ өзге шаруаның бәрін жиып қойып, Степной орман шаруашылығы аумағындағы табиғаты көркем Ақсораң шоқысының баурайында ешкі өсіруге кірісіпті.

– Ешкі күніне екі рет таңертең және кешке сауылады. Мал баққан қазақ жақсы біледі. Асылында ешкі айрықша бап талғай қоймайтын мал. Сүті де құнарлы, еті де адамға жеңіл сіңеді. Күнделікті сауылған сүтті арнайы құтыларға құйып, аптасына екі рет қатынайтын автобуспен Астанаға жеткізіп тұрамыз, – дейді Сәменбет Жанұзақ, – құлақтанған соң елдің өзі хабарласа бастады.

Ешкі түлігінің де ел еңсесін көтеруге септігі тиетіндігін естіген жұрт бағасын қымбаттата бастағандай. Мәселен, көршілес Целиноград ауданының Софиевка селосында сатылатын асылтұқымды ешкінің бағасы 100 000 теңге екен. Зайыры нарық заманында оған да таңқалуға болмас.

Кейіпкеріміздің бел буып отырған шаруасы ілкімді нәтиже беретін сынайлы. Келешекте ешкі сүтін іс қылып, одан айран, ірімшік, құрт әзірлеуді, тері илеуді мақсат тұтуда. Ал ешкі етін диеталық жеңіл тағам ретінде сатсам дейді. Өткен жазда анасы екеуі ұзындығы он метр киіз басыпты. Ешкі терісін илеп те көріпті. Нәтиже жаман емес. Иленген ешкі терісінен жеңіл көліктің ішіне төсейтін жылы қап, үй аяқ киімін тігіп, қамшы, жүген өруге әбден болады.

Сәлменбеттің көкірегінде маздаған бір арман бар. Алдымызда «ЭКСПО-2017» көрмесі. Сол көрменің жуан ортасынан ата кәсіптің ажарын кіргізіп, мен де жүрсем дейді ғой. Көз қорқақ, қол батыр. Ер-азамат бел буып кіріскен шаруа оңынан оңғарылса дейсің де.

Байқал БАЙӘДІЛОВ,
Ақмола облысы

Жиын

Жуырда Маңғыстау облысында төтенше жағдайлардың алдын алу және жою жөніндегі комиссияның отырысы өтті. Жиында 2016-2017 жылдардағы күзгі-қысқы кезеңдегі облыстың энергетика және тұрғын-үй-коммуналдық шаруашылығы, әлеуметтік сала және автокөлік жолдары нысандарының дайындық барысы, төтенше жағдайды жою және алдын алу бойынша іс-шараларды қаржыландыру мен материалдық-техникалық, азық-түлік, медициналық және басқа ресурстар қорын құру, сондай-ақ аймақтың аумақтық даму бағдарламасының орындалысы, өлкеде қорғалмаған елді мекендерде өрт бекетін құру мәселесі қаралды.

Төтенше жағдайға төтеп береді

Жиында аталған мәселелер бойынша құзырлы басқарма басшылары баяндама жасап, қысқы кезеңге дайын екендігін мәлімдеді. Басқосуда айтылған деректерге сүйенсек, облыста апаттық отынның нормативтік қоры 24 тоннаны, жағатын мазут қоры 27 тоннаны құрайды. «Қазавтожолы» АҚ облыстық филиалы басшысының айтуынша, бүгінде автокөлік жолдарына қызмет көрсететін 4 мердігер мекемемен келісімшарт жасалған. Техникалардың үздіксіз жұмыс істеуін қамтамасыз ету үшін 50 тонна жанар-жағармай қоры бар. Қыс мезгілінде болатын тайғаққа қарсы және инертті материалдар қоры 926 текше метрді құрайды.

Комиссия отырысында облыстық төтенше жағдайлар департаменті басшысының орынбасары, азаматтық қорғау полковнигі Рамиль Камалов аймақтың шалғай орналасқан елді мекендерінде техникасы бар өрт бекетін құру туралы мәселе көтерді. Бұл мәселе комиссия мүшелері тарапынан қолдау тапты. Сондай-ақ есепті әзірлеу және құрылатын бөлімшелерді ұстауға жыл сайынғы қажетті қаражатты әкімдіктің бюджетіне енгізу туралы тапсырма берілді. Сонымен қатар 2017 жылға арналған бюджетті құру кезінде ғарыштық мониторинг, сейсмозерттеу, Ақтау қаласында тұрпатты судан қорғау бекеті құрылысын салу және басқа да іс-шараларды қолдау туралы ұсыныс жасалды.

Жиын соңында тиісті мекеме басшыларына, аудан және қала әкімдіктеріне күн тәртібінде қаралған мәселелер бойынша нақты тапсырмалар берілді.

Фарида МҰҢАЛҚЫЗЫ

Өнім

Елімізде «Ақ алтын өндіру зауыты» деген атпен танылған Мақтарал ауданының шаруалары соңғы 10 жылда қауын-қарбыз өсіруде ешкімге дес бермейді.

Қауын-қарбыз экспортталды

Оңтүстік Қазақстан облысы әкімінің баспасөз қызметі хабарлағандай, мақтаралдық дихандар биыл 28 мың гектар жерден 610 мың тонна қауын-қарбыз алса, соның 450 мың тоннасын шетел нарығына шығарған. Гектарынан 263 центнерден өнім алып, өткен жылмен салыстырғанда 25 центнерге артық қауын-қарбыз жинаған мырзашөлдіктер бақша дақылдарын өсіруден Орталық Азияның көшбасшысы екендігін дәлелдеді. Мақтаралдың бау-бақша өнімдерінен көл-көсір пайданы ресейлік және белорус кәсіпкерлері де көріп отыр. Оңтүстіктен жеткен қауын-қарбызды осы теріскейдегі көршілер Батыс Еуропа мемлекеттеріне тасымалдайды екен.

Ресейлік кәсіпкер Станислав Каспаров «Мақтаралды «қауын-қарбыздың Отаны» деп санаймыз. Бұл жердің қауын-қарбызының дәмі ерекше тәтті. Сол себепті, Мәскеу мен Минск қалалары осы жақтың өніміне тапсырыс береді. Біз осы жерден жеткізіп тұрамыз», – дейді бір сұхбатында.

Айта кету керек, Орталық Азияда Түрікменстан, Тәжікстан және Өзбекстан қауын өсірумен айналысады. Дегенмен, «Еуразия экономикалық одақтың» арқасында Мақтарал ауданының шаруалары өнімдерін Ресей мен Беларуське оңай экспорттап, кедендік кедергілердің болмауы арқасында шетелдерге жол тартады.

ӘДЕБИЕТ
ЖҚ 7
www.jasqazaq.kz E-mail: jas_qazaq@mail.ru

Таным

«Қырғыз – таудың тарпаңы, Қазақ – қырдың құланы»

Мағжан ЖҰМАБАЕВ

(Басы 1-бетте)

Ұлт болып қалыптасқан, жұрт болып тамыр жайған, қоңсы қонған қос халықты ортақтастыратын белгілер көп. Себебі ұлы Абай айтқандай, «... еш қазақ қырғыз бен қазақтың бір тұқымдас екеніне таласпайды».

Қырғыз әдебиетінің басқа ұлттар әдебиетінен ерекшеленіп тұратын өзіндік өзгешелігі болды. Әлемдік деңгейде теңдесі жоқ рухани құбылысқа айналған, шоқтығы биік шығарма – «Манас» эпосы жұртшылыққа кең танылды. Манас – қырғыздың әйгілі батырының ардақты есімі ғана емес, ұлт бірлігінің символы, ұлттық идеясының бойтұмары ретінде дәріптеліп, күні бүгінге дейін ұлы ұғым есебінде халықпен бірге жасасып келеді.

Қырғыз әдебиетінің ежелгі және кейінгі тарихын зерттеуге әр жылдарда қазақтың белгілі ғалымдары мен әдебиеттанушылары мол үлес қосты. Әсіресе, Ш.Уәлиханов, М.Әуезов, Ә.Марғұлан, Ә.Қоңыратбаев, А.Мусинов, С.Садырбаев, М.Жолдасбеков, Т.Омаров сынды ғалымдардың қырғыз әдебиетіндегі тұлғаларды

ТАМЫРЛАСТЫҚ пен ТАҒДЫРЛАСТЫҚ

танытуға, «Манас» эпосын жүйелі зерттеуге, екі ел әдебиетінің өзара байланыстарын зерделеуге сіңірген еңбектері зор. Бауырлас халық ретінде қырғыз әдебиетінің нұсқаларына Қазақстанның басты энциклопедиялық еңбектерінде кеңінен орын берілді.

Әдеби байланыстарының тарихы тым әріден басталатын қазақ пен қырғыздың фольклорлық мұрасы негізінен ортақ деп тұжырымдауға болады. Екі елдің ауыз екі шығармашылықтарында әркайсының ұлттық ерекшелігіне байланысты өзіндік болмысын танытатын дүниелер баршылық. Дегенмен тереңнен тамыр тартатын ортақ желі қос халықтың қай мұрасында да айқын байқалып тұрады.

Әркім өз ыңғайына қарай икемдеуге тырысса да, көне түркі дәуіріндегі тарих – бір тарих екені даусыз. Сол секілді бұл кезеңдегі әдебиеттің тарихы да бір сипатта болмақ. Ендеше, әдебиеттің арғы тарихын ортақтастырып дәуірлеудің қай жағынан алғанда да тиімді екеніне дау жоқ. Осыған орай қырғыз зерттеушісі Б.Кебекованың пікіріне сүйенсек, «Қырғыз-қазақ фольклорында ұқсас сюжет, ортақ мотив кездеспейтін жанр мен түр табу қиын. Екі халықтың көптеген шығармалары тақырыптары мен сюжеті жөнінен, ал кей жағдайда текстері де ұқсас бола береді».

Қырғыз арасында қазақтың, қазақ арасында қырғыздың рухани құндылықтарының әбден сіңісті болып кетуінің мысалдары өте көп. Ш.Уәлиханов зерттеген «Манас» жырына қазақтар айрықша ықылас танытады, оны өзі шығармасындай құрметтейді. Қазақ ішінде де ара-тұра «Манас» жырын айтушылардың кездесуі, жаңа туған перзенттеріне эпос кейіпкерінің есімін беруі – осының айқын көрінісі. Қырғыз елі қазақ әдебиетінің төл мұралары – «Қыз Жібек» пен «Қозы Көрпеш – Баян сұлу» эпикалық жырларын ерекше қадірлеп, өздерінің табиғатына жақын тартып, «Қырғыз әдебиетінің тарихына» енгізген. Көрші елдің әдебиеттанушысы Г.Орозова: «Қазақ елінің өздері сүйіп оқитын және ол елде кең тараған елдік көне поэмаларының бірі – «Қозы Көрпеш – Баян сұлу», – деп түсініктеме беріп, қадір-құрметін айғақтай түседі.

Қырғыздар «Қыз Жібек» эпосын да жеке-дара меншіктемей, мұның қазақтың төл дүниесі екенін қайта-қайта ескертіп, қырғыз арасына кең тараған жыр екенін айтып, әдебиет тарихына енгізген себебін ұқтырады. Шынында да басқалай болуы мүмкін емес, Ақжайықтың жағасында өскен Төлеген мен Жібекті қырғыз даласына негізсіз апарып телудің ешқандай қисыны болмас еді. Сол себепті Алатаудың арғы жағына жеткен «Қыз Жібек» ағайын елдің ахуалынан мәлімет беретін жәдігер ретінде танытылады.

Көне түркі дәуірінен тамыр тартатын қырғыз әдебиеті қай кезде де қазақ әдебиетімен тығыз байланыста дамыды. Бұл елдің ескі әдебиет нұсқаларының әуелден-ақ Шоқан Уәлихановтың назарында болуы бекерден-бекер емес. Тарихи бастау көздеріміздегі шығармалардың ортақтығын былай қойғанда, ауыз әдебиетінің біркелкі үлгілері екі елдің де әдеби мұрасын толықтырып тұратынына көңіл аудармауға болмайды. Әдебиеттің кейбір үлгілерінің екі елде бір мезгілде, бірдей бағытта қатар дамуының мысалдары өте көп.

Жалпы, қырғыз әдебиетінде бүкіл түркі әлеміне ортақ ауыз екі шығармалардың көп болуы бірқатар ойға жетелейді. Аралас-құраластығы бар елдердің қашаннан ежелден қоңсы қонуы, жұртты босқындық пен бүліншілікке, зорлық пен зомбылыққа ұшыратқан сыртқы күштердің ортақ болуы, халықтың қашаннан қанына сіңген мінез бен менталитетінің ұқсастығы, тілдің туыстығы, діннің бірлігі біртектес шығармалардың тууына берік негіз қалады. Бағзы заманнан өзгеше өмірді, қолайлы қоныстық, тұрлаулы тіршілікті аңсаған іргелес халықтар ой-арманы мен тілек-ниетін әркайсысы өздерінің тілдерінде жырға қосты. Ел тарихы мен әдебиет тарихында өзіндік орны бар. Асан Қайғы, Кет Бұға, Алдар көсе, Толыбай сыншы сияқты тұлғаларымыз да ортақ.

Асан Қайғының екі елде қолданылып жүрген шығармаларында елеулі айырмашылық бар. Қырғыз әдебиетіндегі Асан Қайғының мұрасының көлемі қазақ әдебиетіндегі Асан Қайғының өлең-жырларына қарағанда әлдеқайда көп. Оның үстіне, қырғыздардың Асан Қайғысы көбіне-көп бертінде өмір сүрген деп есептелгендіктен, оның толғауларында елге орыстың келуі туралы дәстүрлі болжамдар айтыла бермейді.

Қырғыздың халық поэзиясы да қазақ ақындарының өлең үлгілерімен қатар дамыды. Бұған ел арасының жақындығы, сондықтан олардың жиі аралас-құраласып тұруы, мәдениет пен өнер дәстүрінің біркелкілігі ықпал етті. Қазақ ақындары Сүйінбай, Қаңтарбай, Шашубай, Шөже, Жамбыл, Сарбас, Кенендер қырғыз ақындары Арыстанбек, Қатаған, Қалмырза, Тоқтағұл, Османқұл, Жеңіжоқ және басқалармен жиі кездесіп, сөз қағыстырып тұрған. Сонымен қатар Арыстанбек пен Қаңтарбай, Сүйінбай мен Арыстанбек, Сарбас пен Қалмырза, Жеңіжоқ пен Шекер қыз, Үмбетәлі мен Шашубай сөз сайысына түсіп, қазақ және қырғыз арасындағы ақындар айтысының озық үлгілерін әдебиет тарихында қалдырған.

Бұл да – екі елдің әдебиеті тарихының қатар дамуына ұйтқы болған маңызды фактордың бірі. Қос халықтың тарихында өзіндік орны бар XIX ғасырда қазақ және қырғыз халықтарының айтыс өнері айрықша дамыды. Бұл кезеңде қоғамдық мәселе қозғап, отаршылдықтың ойранын айтқан сөз қағысулардың өзі бір алуан. Барыс-келісі мен алыс-берісі жағынан бір-біріне жаттығы жоқ екі елдің ақындары бұрыннан айнымас дәстүрі бар айтыс өнерін адам айтқысыз биік деңгейге көтерді. Айтыс ақындары тек шеберлігі жағынан жетіліп қана қойған жоқ, қазақ пен қырғыздың сөз өнерін ілгерілетті.

XIX ғасыр әдебиетінің белді өкілі Шөже Қаржаубайұлының мұрасын екі ел де өз халқының рухани игілігі деп санайды. Себебі қазақ-қырғыз әдеби байланыстарын зерттеген Т.Омаров жазғандай, «Шөженің аты аталғанда «қырғыз» атауы қоса айтылады. Оны қатарластары қазақ ішіндегі қырғыз кейпінде таныған. Шөжемен айтысқа түскен ақындардың оның бетіне басатын екі міні бар. Бірі – оның жарық дүниені көрмейтін соқырлығы. Екіншісі – тегінің қырғыз халқына қатысты екендігі». Қырғыз әдебиеті тарихының «Ел ырчылары» деп аталатын 5-ші томында Шөже Қаржаубайұлы туралы монографиялық тарау берілген. Онда: «Шөже – қазақ халқында бұлбұл атанған орақ тілді өткір ақын, айтыс өнерінің хас шебері, түпкі тегі қырғыз, ата-анасы ілгергі бір қазақ-қырғыз соғысында қазаққа ауып барып тұрып қалған екен. Абылай хан соғысында кеткен болуы керек деген болжам бар», – делінеді. Асан Қайғыдан Шөжеге дейінгі ортақ тұлғалар әдебиет тарихының белгілі бір кезеңдерін үйлестіреді, елдің рухани танымын, туыстық бірлігін нықтай түседі.

Отаршылдық кезеңнің кесапатын қатар көрген қазақ және қырғыз қоғамында ұлттық үндестікті әйгілеген қарсылық поэзиясының қатар дамуы мінез-құлқымыз бен менталитетіміздің өзектес екенін айғақтайды. Осыған орай қазақ әдебиетінде «зар заман» өкілдері, ал қырғыз әдебиетінде «заманчы ырчылар» тобы қалыптасты. М.Әуезов әдебиетті дәуірлеу мәселесін көтерген «Әдебиет тарихы» атты зерттеу еңбегінде бұл мезгілді арнайы қарастырып, «Зар заман ақындары» деген тарау енгізгені белгілі.

Отаршылдыққа қарсы шыққан ақындар – Қалығұл Байұлының «Ақырзаман», Арыстанбек Бұйлашұлының «Тар заман», Алдаш Молданың «Хал заман», Молда Қылыштың «Зар заман» жырлар топтамалары қырғыз зар заман поэзиясының (замана поэзиясы) негізін қалап, мектебін орнықтырды. Олардың әрқайсысы эпикалық сарында жырланған аса ауқымды толғаулар екенін ескерген жөн. Қырғыз әдебиетіндегі Тоғалақ Молданың «Зар заман», Жеңіжоқ, Сағымбай, Алтай Айдарбекұлының «Замана» толғаулары да осы тақырыпқа арналған. Қырғыз әдебиетінде «Зар заман» деп аталған бұдан да басқа толғаулар жетіп артылады.

Қазақ және қырғыз әдебиетінің өзара байланысының мысалдары жиырмасыншы ғасыр басындағы ағартушы-қайраткерлердің еңбектері, кеңестік дәуірдегі рухани ықпалдастық үлгілері, М.Әуезов пен Ш.Айтматовтың баршаға үлгі болған шығаршылық ниеттестігі арқылы жалғасты. Бұл кезеңдер екі елдің әдебиет тарихы үшін де аса маңызды.

Қатар қоныстанған екі елдің әдебиеттану ғылымы бір-бірімен осыншалық тығыз байланыста дамығанына қарамастан, әдебиет тарихын зерттеп-зерделеуде айырмашылық көп болды. Мысалы, қырғыз әдебиеттанушылары отаршылдық дәуірдің өктемдігіне қарсы шыққан, заманның жай-күйін ойлап күйзелген Қалығұл Байұлы, Молла Нияз, Арыстанбек Бұлашұлы, Молда Қылыш сияқты «заманчы» ақындарды бөлек қарастырып жүргенімен, әдебиет тарихында бұларды арнайы тарауға топтастырмайды. Қалығұл Байұлы мен Арыстанбек Бұйлашұлы ел ырчыларының тобында аталып, ал жазба дәстүрін ұстанған Молла Нияз, Молда Қылыш, Алдаш Молдалар басқа томға енгізілген. М.Әуезов негіздеген қазақ әдебиеті тарихының үлгісіне салсақ, бұлар халық ақыны немесе жазба ақын екендігіне қарамастан қырғыздардың өздері айтып жүргендей, «замана ақындары» деп аталуға тиіс. Сонда бұл ақындардың отаршылдық дәуірде өмір сүрген әдебиет өкілдері ретіндегі рөлі басымырақ болады. Молда Қылыштың қырғыздың жазба ақыны ретіндегі орны бөлек болса да, оның отарлаушыларға қарсы өз сөзін айтқан қайраткерлігі биігірек тұратыны анық.

Бұлайша жіктеуге негіз бар екенін қырғыз әдебиетін жан-жақты зерттеген ғалым Медина Богданова 1947 жылы Мәскеуде жарық көрген «Киргизская литература» деген кітабының «XIX ғасырдағы және XX ғасырдың басындағы қырғыз ақындары» атты тарауында атап көрсетеді: «Қырғыз әдебиетінің тарихында бұл кезеңнің поэтикалық шығармалары «замандар» деген жалпы атаумен белгілі. Қалығұлдың «Ақыр заман» (Судный день), Арыстанбектің «Тар заман» (Трудное время), Қылыштың «Зар заман» (Эпоха скорби) поэмалары, т.б. Бұлар халықтық санаттар мен насихаттарға құрылған дидактикалық және саяси-әлеуметтік поэмалар болатын».

Қырғызстандағы «замана» ағымының ықпалды болғаны соншалық, оның үрдістері бүгінге дейін жалғасын тауып жатқанын байқаймыз. Зерттеуші Б.Койчуев бір кездегі біртұтас Қырғызстан Жазушылар одағының алдымен Жазушылар одағы және Жазушылардың тәуелсіз одағы болып екіге бөлініп кеткенін, кейіннен идеялық-эстетикалық бағытына сәйкес жаңа қоғамдық ұйымдар пайда болғанын, солардың бірі «Заман» қырғыз жазушылары одағы деп аталғанын атап өтеді. Бұл одақтың мүшелері өздерін XIX ғасырда өмір сүрген Қалығұл, Арыстанбек, Молла Нияз, Молда Қылыш сияқты «заманшы ақындардың» рухани ізбасарларымыз деп санайды екен.

Сонымен, түркі жұртының бөлінбес бөлшегі – қазақ және қырғыз әдебиеттері рухани құндылықтарға өте бай екенін айтуға тиіспіз. Осыншама мол мұра ортақ тарихи кезеңдердің, шығармашылық ықпалдастықтың, асқақ рухымыздың, биік әлеуетіміздің арқасында жинақталған. Ғасырлардан жеткен бұл жәдігерліктердің әлі де талай ұрпақтың санасына сәуле құятынына күмән жоқ.

Бауыржан ОМАРҰЛЫ,
Қазақстан ҰҒА корреспондент-мүшесі, филология ғылымдарының докторы, профессор

Алтын сандық

Тірлікте мәңгі өлмейтіндердің бірі – кітап, оны құртып жіберетіндей құдіретті күш жоқ.

Кітап – тәрбие бастауы. Көне заманнан жеткен асыл жәдігердің бірі – «Қабуснама». Бүгінгі өскелең ұрпаққа шапағаты тиер деген ниетпен шығармадан үзінді ұсынамыз.

Өнердің абзалдығы, қадір-құрметі және өнегелі болуы туралы

Алтыншы тарау
(Басы өткен санда)

Ей, перзентім, жақсылық істеуден жалықпа. Істеген жақсылығыңа өкінбе, өкінгенің өзіңе зиян. Біреуге жақсылық істеп, оның көңіл күйі қаншалықты шат болса, сенің көңілің де соншалықты көтеріліп шадыман болар. Егер біреуге жамандық істеп, оның көңілін қапа қылсаң, сен одан да артық қапа боласың. Сен біреуге жамандық қылсаң, саған да жамандық келеді.

Менің бұл айтқан сөзіме таңданбағайсың. Адам баласы өз өмірінде біреуге жақсылық ие, жамандық істегісі келсе, ойланып істегені жөн. Егер менің тіліме көнсең, ешкімнен де жақсылығыңды аяма.

Әңгіме. Менің естуімше, Бағдат шаһарында сол кезде Мұтаваккил халифа еді. Оның Фатих атты құлы болыпты. Ақылды және әдепті екен. Мұтаваккил оны өз ұлына балап, өз балаларынан да жақсы көретін болған. Бір күні Фатих суда жүзуді үйретуді өтінеді. Кемешілер оны Джала дариясына апарып, жүзу әдісін үйретеді. Фатих жас еді, жүзуге қызығып өзіне өзі «мен енді жүзуді жақсы үйрендім» дейді де, бір күні Джала дариясына кемешілерсіз жалғыз өзі барып, жүзбек болып суға сүңгиді. Асау өзен оны ағызып ала жөнеледі.

Еркін жүзе алмай бір батып, бір қалқып бара жатқан Фатих дария толқынымен құрғақ аралға шығып қалады. Ол жерде дария суы кеулеп тастаған үңгірлер көп еді, сол үңгірдің бірін паналап, «жанымды өлім қаупінен құтқардым, енді құдайдың көрсеткенін керермін» деп жеті күн сонда отырады.

Фатих суға кеткен күні Мұтаваккилге: «Фатих суға кетті, не болғанын білмейміз» деп хабарлайды. Мұтаваккил кемешілерді шақырып: «Кімде-кім Фатихты тірідей немесе өлігін әкелсе, оған мың динар беремін», – дейді және «Қашан Фатихты көргенімше тағам жемеймін» деп ант ішеді.

Бұл сөзді естіген кемешілер Фатихты іздеуге кіріседі. Жеті күннен соң бір кемеші үңгірде отырған Фатихқа кездесіп, қуанышы қойнына сыймай: «Осында сабыр етіп отыра тұр, мен қайық жеткізіп, халифаның алдына алып барамын», – дейді.

Кемеші Мұтаваккил халифаның алдына келіп: «Ей, ұлы бақытты падишам, егер сенің алдыңа Фатихты тірі алып келсем, сүйіншіңе не бересің?» – деді. Халифа: «Бес мың динар беремін», – деді. Кемеші қайықпен барып Фатихты алып келеді. Халифа уәде қылған динарын берді де, уәзіріне қарап: «Қазынаны көргін, қазынада қанша мал болса, тең жартысын ғаріп-ғасірлерге бөліп бер», – деді.

Сонан соң халифа: «Фатих жеті күннен бері аш қой, тамақ келтіріңдер» деді. Фатих «мен тоқпын» деді. «Джаланың суына тойған шығарсың» деп күлді халифа. Сонда Фатих: «Күн сайын себепке салынған жиырма нан су бетімен ағып өтуші еді, мен оның бір-екеуін алып қалып, қоректеніп отырдым» деді. «Менің тірі қалуыма сол нан себеп болды. Ол нандардың бетінде Мұхаммад бинни Хусаин ал-Аскаф дейтін жазу бар екен» дейді.

Мұтаваккилдің бұйрығымен Джала дариясына күн сайын нан ағызатын кім деп, қала тұрғындарына жар салған-ды. Күндердің-күнінде нан ағызатын мен едім деп, біреу өзін мәлімдеді. Дәлелінді баянда, деді оған. Дәлелім – әрбір нанның бетінде «Мұхаммад бинни Хусаин ал-Аскаф деген жазу болуға тиіс», – деді. Халифа: Дәлелің дұрыс, ал қай кезден бері дарияға нан тастайтын едің», – деді. «Бір жылдан бері», – деп жауап берді ол.

Нан ағызғандағы мақсатың не?

Жақсылық жасап, дарияға нан таста, бір күні саған оның пайдасы тиеді деген сөзді естіп, суға нан ағызатын едім. Менің қолымнан басқа жақсылық келмейді, құдіретімнің жеткені осы болды депті.

Халифа: «Шаман келген жақсылықты істейсің және істеген жақсылығың босқа кеткен жоқ, оның енді пайдасын көрерсің» деп, оған көптеген мал-мүлік берді, құрмет қылды.

Сол кісінің әулеті Бағдат қаласында әлі де бар. Әл Қаймби әмірдің заманында мен қажыға барып, Байтулланы зиярат қылып қайтар жолда Бағдатқа соғып, осы адамның немерелерін көрдім. Бұл әңгімені Бағдаттағы қарт ақсақалдардан сұрап, өз құлағыммен естіп, шындығына көзім жетті.

Ей, перзентім, қай кезде болмасын жақсылық істеуді жадыңнан щығарма. Жақсылықты жалпы халыққа жаса, жамандықтан аулақ бол, керісінше сөйлеме, теріс оймен ойлама. Бидайды көрсетіп, арпа сатпағын. Әр істе әділетті бол. Әділ жаңа бидің де, қазынаның да қажеті жоқ.

Егерде сенің көңілінде қайғың немесе қуанышың болса, сол қайғы мен қуанышыңа серік болатын адамға ғана айтуыңа болады.

(жалғасы бар)

ҚОРҒАН

www.jasqazaq.kz E-mail: jas_qazaq@mail.ru

«БІЗДІҢ ӘСКЕРІМІЗ ҰЛАН-ҒАЙЫР ДАЛАМЫЗДЫҢ ӘРБІР ҚАДАМ ЖЕРІН ҚОРҒАУҒА ҚАБІЛЕТТІ. БІЗ БАБАЛАРЫМЫЗДЫҢ ЖОЛЫН ҚАСТЕРЛЕП, ЕЛДІК ЖОЛЫН ЖАЛҒАҒАН ҰРПАҚПЫЗ. ҚАНЫМЫЗҒА СІҢГЕН ҚАСТЕРЛІ БОРЫШТЫ АНТЫНА АДАЛ ЕРЛЕРІМІЗ ҚАЗІР ДЕ АБЫРОЙМЕН АТҚАРУДА. ЕР-АЗАМАТ ҮШІН ТУҒАН ЖЕРДІҢ ТҰТАСТЫҒЫН, ТУҒАН ЕЛДІҢ ТЫНЫШТЫҒЫН КҮЗЕТУДЕН АСҚАН АБЫРОЙ БОЛМАСА КЕРЕК»

Нұрсұлтан НАЗАРБАЕВ, *Қазақстан Республикасының Президенті*

ӘСКЕРИ ҒЫЛЫМНЫҢ КӨСЕГЕСІН КӨГЕРТКЕН

Тұлға

«Өтіріктің балын жалап күн кешкенше, шындықтың уын ішіп өлген артық». Осы қанатты сөзді алғаш естіген кісінің оны айтқан кім екенін білуден бұрын: оның нағыз Адам, нағыз Азамат, нағыз Ойшыл (философ) екеніне тәнті болары күмәнсіз дей аламын. Мұндай өміршең, көнермес нақыл айту да сондай Тұлғаның ғана жаратылысына тән деу әбден орынды. Ол Тұлға біздің Баукең – Бауыржан Момышұлы еді. Өмір – Шындық, Шындық – Өмір деп білген Батыр ағаның «БАУЫРЖАН МОМЫШҰЛЫ» деген аты-жөні оның кім болғанын бүгінгі, ертеңгі ғана емес, одан арғы ұрпақтарына да ұқтырып кетті. Бұл жолда «найзадан қол босаса, қалам алған» Баукеңнің өзі жазған кітаптары, оны көзі тірісінде-ақ мақтанышпен кейіпкері еткен ақын-жазушылардың туындылары – рухани мол қазынамыз десек, халқының Батыр ұлы Баукеңнің әскери бітімін, қолбасшылық қасиеттерін зерттеп, зерделеп, жеткізе айтып та, жазып та жүрген ғалым полковник Ким Серікбаевтың еңбегі – өз алдына бір тарих.

Мен – Баукеңмен қарым-қатынаста болған, ардақты ағасының қызметіне жараған інілерінің бірімін десем, Ким Серікбайұлымен таныс-білістігім басталғалы 16 жыл. Алматының Бауыржан Момышұлы атындағы №131 орта мектебінің ұжымы Баукеңнің туғанына 90 жыл толуына арналған салтанатты жиын жасап, сонда алғаш жүздестік. Кимді бұрын сырттай, Баукең жайында жазған мақалалары арқылы білсем, енді өзін көріп, шаршы топ алдындағы тартымды, жүйелі сөзін тыңдап, бауыржантанудың негізін қалаушы әскери ғалымдығына сүйіндім. Көкейіме сол жолы-ақ түйгенім: Ким Баукең тұрпатты жан екен: Баукеңе, тәуелсіз Қазақстанның әскери күш-қуатына қатысты ойларын батыл да ашық, біліп те анық айтып, жиналған жұртшылықтың қошемет-құрметіне бөленді. Әлбетте, шәкірттер оның даңқты Бауыржан Момышұлымен қашан, қайда, қалай кездескенін білуге құмартты. Полковник күлімсіреп қайтадан түрегелді де, бейресми әңгімесін бастап кетті *(мен ол қызықты кездесудің тоқетерін ғана айтайын)*.

1975 жылдың ақпаны. Совет Одағының Маршалы И.Конев атындағы әскери жоғарғы командалық училищенің ұжымы КСРО Қарулы Күштерінің кезекті мерекесін ғылыми-практикалық конференциямен атап өтуді ұйғарады. Онда Баукеңнің майдандас досы жазушы Д.Снегин кіріспе сөз сөйлейді. Орта Азия Әскери округі саяси басқармасының бастығы генерал-лейтенант М.Бобков баяндама жасауға кіріседі. Шақырылған құрметті қонақтардың бірегейі Бауыржан Момышұлы он бес минөт шамасы кешігіп келеді. Әскери киім дегенде жасылтым кителі ғана бар. Басында – қазақы бөрік. Қолында – сәнді таяқ. Салмақты жүрісімен бірінші қатардың орта тұсындағы бос орынға барып, баптанып отыруға ынғайланғанында Снегин: «Бауке, Бауке, бері кел!» деп президиумға шақырады. Баукең жайлап көтеріліп барып, досының жанына жайғасады. Залда сыбыр-күбір көбейеді. Баукеңді бұрын көрген-көрмеген жұрт оның кешігіп келгенін де, жартылай әскери киімін де өзара сөз ете бастағанға ұқсайды. Баяндамашы оған назар аудармай, баяндамасын оқи береді. Залдың гүілі басылмайды. Соны аңғарған Баукең орнынан оң қолын көтере тұрып: «Генерал, тоқта! Жақсы оқиды екенсің, маған ұнады, бірақ зал тыңдамай отыр» дейді. Ондай әмірлі қылықты күтпеген генерал абыржып қалады. Ал Баукең: «Мұнда отырғандардың көбі мені танымайтын сияқты: – Әрі кешігіп келген, әрі бірден президиумға барған бұл неткен шал?! – дессе керек, гүілдеп отыр. Мен шақырылған соң келдім. Мен – Бауыржан Момышұлымын!» деген сәтте ду қолшапалақ залды кернеп кетеді.

Баяндамашы айтарын аяқтап, президиумдағы орнына отырмастан бұрын барып, Баукеңді ту сыртынан құшақтай алады. Жұртшылық ұшып тұрып, дуылдата қол соғып: «Бауыр-жан! Бау-ке!» деп шаттана дауыстайды. Сол бір ғажап сәтті есіне түсіріп тұрған Ким Серікбаев: «Сол кезде мақтаныш сезімім жүрегімді елжіретіп, көзімнен жас ыршып-ыршып кетті» дегенінде, бақиға ертерек аттанып кеткен ұлағатты Ұстазын, асыл Ағасын сағынып жүргені анық адал шәкіртінің, ілтипатты Інісінің дауысы дірілдеңкіреп еді...

Баукеңді Халық батыры деп біліп, кіршіксіз құрметтеген қай қазақ сағынбасын! Мандайымнан сүйгенінде менің де буындарым босап кеткені бар...

Училищедегі ұлы жиын соңында Баукең өзін қоршалап сәлем берген офицерлердің аты-жөнін, қызмет барысын сұрап танысады. Кимнің М.Фрунзе атындағы академияда оқығанын естігенде оған жадырай қарап, кімдердің сабақ бергенін, ғылыми дәрежесі бар-жоғын сұрапты. Кимнің әскери ғылым кандидаты екенін білгенде: «Бәрекелді! Фрунзе академиясын бітірген, әскери ғылым кандидаты болған тұңғыш қазақ сен екенсің! Енді, созбұйдаға салмай, докторлық диссертация қорғауға кіріс, жолдас Коммунистический интернационал молодежи!» деп жылы жымиыпты, Кимнің атын (КИМ) таратып айтып.

Қай-қайсысымыз да өмір жолымыздың жобасын жасаймыз және оны орындауға ынтығамыз. Алайда тағдыр деген тылсым күш бар ғой, ол жоспарымызға өзгеріс енгізеді. Жетілдіріп жіберсе жарайды-ау, кейде кедергі-қиянат жасайды. Бүгінде жасым сексеннен асып отырған менің ой тұжырымым бойынша, арына ғана бағынған адамның жолы даңғыл бола бермейді. Олармен салыстырғанда, байқағаным: шыққан тағының биіктей беруін, құшақтаған портфелінің қалындай беруін ғана ойлайтын, сонысы үшін ақ пен қараны араластырып жіберетіндердің қашанда бірер ұпайы артып жүреді. Ондайды айғақтар көп деректің біреуіне ғана – Бауыржан Момышұлының өмір жолына ой көзін жіберсек, қарымды қаламгер Әзілхан Нұршайықовтың «Аңыз бен ақиқат» романында баяндалғанындай, өз сөзінің орынды екенін, өз ісінің дұрыс екенін білген, «өтіріктің балын жаламай, шындықтың уын ішкен» майдангер Баукең, генералдар былай тұрыпты, егер жаңылыспасам, Маршал И.Коневтен де ықпаған, оның дивизияның кезекті жорық-шабуылы жоспарын бекітудегі қателіктерін қаймықпай айтқан. Ұрыс нәтижесі Баукең жобалағандай болып шықса да, әлгі маршал мен генералдар өздерінше намыстанып, оның еңбегін еш еткен. Бір емес, бірнеше рет. Баукеңе Совет Одағының Батыры атағын, генерал шенін о баста бергіздірмеген, бермеген – солар.

Бірде Баукеңмен өмір, заман, тағдыр, қуаныш пен реніш хақында пікірлескенім бар. Әңгімеміздің мәресінде батыр аға үстелде, сол қолы жақта жатқан папирос қорабы мен мүштікке қарап, қабағын түйіңкіреп сәл-пәл үнсіз отырды да: «Отан үшін отқа түстім – күймедім, халқым үшін қанымды төктім – қалжырамадым, ата-бабамның сөзін айта білдім – шүкіршілік еттім, перед начальством былжырамадым – өкінбедім! Солай ма, жолдас? – деп маған жалт қарады да, жайдарыланып: – Халқым маған сенді, мен халқымның сенімін ақтадым. Халқым мені құрметтеп, құшағына алып отыр, маған одан артық ештеңе керек емес», – деп күлімсіреді.

Әлбетте, халықтың құрметі – ең қымбат сый-сияпат.

Арыда КСРО-ның, беріде тәуелсіз Қазақстанының әскери жүйесіне сіңірген еңбегі ұшан-теңіз полковник Ким Серікбаевпен әуелгі әңгімемде оның да халық бағасын қадір тұтатынын білдім. Құрдастығымызды көлденеңдетіп әзілдесе беретін әдетіммен бірде:

– Жолдас народный генерал, сен полковник погонын таққалы жеті «бесжылдық» болыпты, осы мерзімде жиырма шақты шәкіртіңді генерал етіп жүріп, өзіңді ұмытып кеттің-ау, ә? – дедім. Ол мырс етіп:

– Ұмыттырған соң ұмыттым, – деді.

Шәкірт шағында-ақ Баукеңнің батырлық даңқын естіп, оқып біліп: *«Мен де Бауыржан Момышұлындай боламын!» деп өскен арманшыл Кимнің өзінің болмысында бар батылдық, әділдік, турашылдық мінез-құлқымен кейінде, азаматтық, әскери қызметінде, өзіне тиісті шен-дәрежеден шет қала бергеніне ренжігенін өз аузынан естіген емеспін. Жұмырбасты пенде тірлігі өзінен төмен әлдекімдердің өзінен озып, көтеріліп кеткеніне неге ренжімесін, неге күйінбесін, алайда Кимнен ондай түйткіл байқаған жоқпын. «Көпшілік құрметтейді, одан артық не керек?»* деп ашық күліп жүре береді.

Кимнің әскери қызмет бабымен бармаған жері, баспаған тауы жоқ. Оның солдаттық, офицерлікізі КСРО-ның батысынан шығысына, солтүстігінен оңтүстігіне дейінгі жолдарда сайрап жатыр.Барлық жерде іскерлігімен танылған, қадірленген.

Құрмет-қадір дегенде Кимнің жасы жетпіске толғанында Алматының Маршал И.Конев атындағы әскери жоғарғы командалық училищесінде мерекелік кеш болды. Сонда қазағы бар, орысы бар генералдар мен полковниктер тобы Кимді есік алдында қуаныса қарсы алып, дуылдаса құттықтаған ғажап сәт әлі көз алдымда. Аты-жөндерін есіме түсіре алмай отырмын, әйтеуір, ресми жиында сөз сөйлеген үш генерал, төрт полковник, екі майор ыстық лебіздерін қазағы: «Құрметті ұстазым Ким Серікбайұлы!» деп, немесе «Қадірлі ұстазым Ким аға!» деп, орысы «Мой глубоко уважаемый учитель Ким Серикбаевич!» деп бастағанда Кимнің шынайы адами ризалықтан дене қызуы көтеріліп кеткен шығар, бірақ оның жанында отырған мен де байқай алар хал болмады, себебі құдайы бір құрдасыма арналған ақ тілектерге марқайып, мақтаныш сезімім көңілімде толқын атып жатты!

Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, тәуелсіз Қазақстанның әскери қағида (доктрина) авторларының, Қарулы Күштерін ұйымдастыру мен қалыптастырушыларының бірегейі, бауыржантанудың негізін қалаған жан-жақты ғалым, әскери ғылымның докторы, профессор Ким Серікбаевты көзі қарақты қазақстандықтар кіршіксіз құрметтейді десем, оныма дәлелім жеткілікті. Кимнің жастарға, оның ішінде Отан қорғау саласында оқып жүрген, қызмет істеп жүрген жастарға ұстаздық, ағалық адал ниетпен жазған адамгершілік арқаулы мақалаларын оқып жүремін. Әскери стратегия мен тактиканың арғы-бергісін талдап, түсінік берген ғылыми еңбектерінің жинақтары – кітаптары сөремде. Өзі атын беруді қолға алып, іске асырған Бауыржан Момышұлы атындағы республикалық училищеде, басқа да әскери және жай оқу орталықтарында, еңбек ұжымдарында бірге болған күндерімде Кимнің алуан тақырыпты әңгімелеріне айызым қанады. Ұстазы Баукең туралы әрбір әңгімесі оның әскери білімдарлығымен, педагогикалық тәлімімен баурайды.

Өзі де әскери стратегия мен тактиканың қыр-сырына қанық Ким Серікбаевтың «Великий Полководец» атты мақаласы – бауыржантанудың әліпбиі де, арқауы да. мақаланың маңызын мәлімдеп беруге менің әскери сауатым жеткіліксіз, сондықтан бауыржантануға жұмылып жүрген және кимтануға кіріскен әскери жастарға ол мақаланы күнделікті оқуында да, қызметінде де басшылыққа алуға кеңес беремін.

Мен «Кимтану» дегенді өзім әрқашан «Жолдас Народный генерал!» деп құрметтеп сәлемдесетін Ким Серікбайұлына ілтипат ретінде ғана айтып отырған жоқпын, «кимтанудың» басталып та кеткеніне куә екенімді білдіріп отырмын. Бүйтуіме себеп-деректер – әр жылдағы мына лебіз-пікірлер *(бірер сөйлемдерін ғана келтіремін)*:

Әскери және әлеуметтік ғылымдар докторы, профессор, генерал-майор **Нұрғали Асылов:**

– Полковник Ким Серікбаев тәрбиелеген шәкірттердің қатарында көптеген генерал бар. Біз оны ұстазымыз, қамқоршымыз деп құрметтейміз. Ол әскери ғылымның ақсақалы болуымен бірге, барша офицер қауымына өнегелі тұлға!

Әскери ардагерлердің Алматы қалалық кеңесінің төрағасы, 1-ранг капитаны **Көпесбай Жәмпейісов:**

– Ким ағаның шарапатына тәнті үлкен-кіші оны «Халық генералы» деп атайды. Оның ел алдындағы әскери еңбегін жете білетін біз оған «генерал» атағының берілмегеніне қайран қалудамыз.

Әскери ғылым докторы, полковник **Роллан Қаратаев:**

– Президент аппараты мен Министрлер кабинетінің қорғаныс бөлімінде қызметтес болдық. Ол жаңа бөлімнің алғашқы меңгерушісі, небір игі шаралардың бастаушысы болды. Тәуелсіз Қазақстанның «Қорғаныс және Қарулы Күштер» жөніндегі заң жобасын жетілдіріп, Парламентте баяндама жасады. Қарулы Күштер құрамаларының Тәрбиелік және құқықтық жұмыстар институтын ашудың қажеттігін дәлелдеді... Профессор Ким Серікбаев – озық ойлы азамат, мемлекет және қоғам қайраткері!

Қазақстанға еңбегі сіңген қайраткер, профессор, полковник **Пернехан Ермекбаев:**

– Ким Серікбаев – арманшыл, мақсатшыл, жаңашыл ірі тұлға. Кеңестік кезеңде Қазақстан Компартиясы құзырындағы Жоғары партия мектебінде жаңадан ашылған Әскери кафедраны басқарып, дамытып, оқу бағдарламасын заман талабына сай жетілдіру бойынша Одақтық 18 кафедра арасында 13 жыл бойы 1-орынды иеленді. Ал беріде Министрлер кабинеті аясында құрылған Жоғары аттестациялық комиссияның Бас ғылыми қызметкері міндетін абыроймен атқарып, әскери ғылым мамандарын өсіру-жетілдіруге мол үлес қосты.

Парламент Мәжілісінің депутаты, Ауған соғысының ардагері, ақын **Бақытбек Смағұл:**

Қадірлеп ардақ тұтқан асыл Ағам!
Тағдырдың талауына жасымаған.
Білімнің қайнар көзі бола тұра,
Тәкәббар тау суындай тасымаған.
Іниден ізеттілік болсын деумен,
Жастарды тәрбиелеп қасына алған!
«Тағдырдың талауына...». Бұл қаттырақ айтылған сөз сияқты. Әлде...

Өз басым тәуелсіз Қазақстанның Әскери қағидасын жазудағы негізгі ғылыми еңбек полковник Ким Серікбаевқа тиесілі екеніне шүбәланған емеспін. Жауапкершілігі зор сол істі жүзеге асырып жүрген күндерінде өзінен бір-екі пікір естіген болсам, жанындағы досжолдас қызметтестерінің айтуларынан көп жәйтке қанықтым. Соны ойша жинақтап, сараптап көріп «Ким тәуелсіз Қазақстанның тұңғыш Қорғаныс министрі болады!» деп түйдім. Ақын ініміз Бақытбектің де, басқалардың да солай боларын күткені сөзсіз. Бірақ олай болмады. Яғни Бақытбектің «тағдырдың талауы» деуі сол сенімдерінің ақталмағанына іштей наразы болғанынан шығар. Министрлікке генерал Сағадат Нұрмағамбетов тағайындалды.

Ким Серікбаев та өзгелерге тек шарапатын тигізіп жүр. Шәкірттерінен, менің білуімше, 17 генерал тәрбиелеп шығарғаны – ұстаздық парызына адалдығы, ел мен халықтың, қоғамның абыройын ардақтай білген адами, азаматтық тазалығы!

«...Сіз, қандай лауазымда қызмет етсеңіз де, өзіңізге де, өзгеге де жоғары талап қоя білетін тәжірибелі жетекші, өз ісіне берілген, қызметіне адал, халқымыздың патриот ұлы екеніңізді көрсете білдіңіз». Бұл – Қазақстан Қорғаныс министрінің кешегі бірінші орынбасары – республика Қарулы Күштері Бас штабының бастығы, бүгінгі Қорғаныс министрі генерал-полковник Сәкен Жасұзақов мырзаның парасат пайымы.

Өлшеусіз мол қошеметке бөленіп жүрген қадірлі офицер, халқының қызметшісі, даңқты Баукеңнің ізбасары, шәкірттерінің ұстазы, ғалым-полковник, менің «Жолдас Народный генералым» Ким СЕРІКБАЙҰЛЫ! Қайрат-жігерінді жанып, қадамыңды нық басып, әскери ғылымның академигі дәрежесіне жетіп, 100 жаса! Ал мен болсам, құдайы бір құрметті Құрдасым, жасың 90-ға толған салтанатты жиында сен жайында баяндама жасауға кіріспекпін, келістік пе?

Ғаббас ҚАБЫШҰЛЫ

Айбын

«Жас ұлан» ант берді

Жуырда «Жас ұлан» республикалық мектептерінде ұландардың салтанатты түрде ант қабылдау рәсімі өтті. Астанадағы Сағадат Нұрмағамбетов атындағы «Жас ұлан» республикалық мектебінде оқуға енді ғана түскен ұландар қалыптасқан дәстүр бойынша әскери мектептің барлық даңқты дәстүрін сақтай отырып, ұлан деген атақты абыроймен алып жүретіндеріне салтанатты түрде ант етті. Бұл туралы қорғаныс министрлігінің ресми сайты хабарлайды.

Жас ұлан Думан Мәкішев «Мен патриотпын және өз Отаным алдында борышымды өтегім келеді. Сондықтан әскери қызметші болуды қалаймын. Бұл – менің бала кездегі арманым. «Жас ұлан» мектебіне оқуға түскім келген кезде ата-анам келісімін беріп, маған қолдау көрсетті. Сол үшін оларға көп рахмет. Армия генералы Сағадат Нұрмағамбетов – менің пір тұтатын тұлғам. Ол нағыз хас батырдың өзі. Мен сол кісіге ұқсағым келеді», – деді. Ұлан атану үшін жасөспірімдер психологиялық тестілеуден өтті. Физикалық нормативтерді, яғни жүгіру мен белтемірге тартылуды тапсырды. Сондай-ақ медициналық куәландырудан өтті. Одан басқа, ұландардың салтанатты түрде ант қабылдауы бойынша іс-шаралар Алматы, Қарағанды және Шымкент қалаларында өтті. «Жас ұлан» әскери мектептері 2015 жылы білім және ғылым министрлігінің қолданыстағы республикалық әскери мектеп-интернаттары базасында құрылып, қорғаныс министрлігінің иелігіне берілді. Қазіргі уақытта «Жас ұлан» мектептерінде 1600-ге жуық ұлан білім алуда. Олардың 500-і биылғы жылы мектеп тәрбиеленушісі атанды.

Сыр-сұхбат

Әділ АХМЕТОВ:

МЫҢ УАҒЫЗДАН АРТЫҚ ДҮНИЕ

(Басы 1-бетте)

Түсірілім тобының ғана емес, күллі қазақтың айбынын асқақтатып, өнерін өрістеткен туынды жайында фильмдегі басты кейіпкер – Ілияс бейнесін сомдаған актер, Мемлекеттік «Дарын» Жастар сыйлығының лауреаты Әділ Ахметовпен аз-кем әңгіме өрбіткен едік.

Жас қазақ: Күні кеше ғана Ялтадан сүйінші жаңалық жетті. «Евразийский мост» Халықаралық кинофестивалінде «Анаға апарар жол» топ жарып, Бас жүлдені қанжығасына байлады. Құттықтаймыз! Фильмнің бұл табысының басты кілті неде деп ойлайсыз?

Әділ Ахметов: Рахмет! Әрине, фильмнің басты табысы – режиссердің ізденісінде, меніңше. Өйткені, бұл шығарма көп жылдан бері Ақан Сатаевтың көкейінде жүрген, ішінде пісіп-жетілген қымбат дүниесінің бірі. Түсірілім жұмыстары енді қолға алына бастаған кездің өзінде: «Осы уақытқа дейін түсіріліп келген фильмдерінің барлығы – Ақан Сатаевтың «Анаға апарар жолға» дайындығы» деп ететінбіз. Түсірілім барысында да оған көзіміз анық жетті. Режиссер бұл фильмге іштей үлкен дайындықпен келіпті.

Одан кейін, әрине, кино тақырыптық тұрғыдан да өте ауқымды. ХХ ғасырда қазақ қиын-қыстау кезеңді басынан өткерді ғой. Оған дейін бірқалыпты өмір сүріп келді де, ХХ ғасырда ұлтымыздың өмір сүру салты тұтастай өзгерді: ұжымдастыру басталды, малынан айырылды, ашаршылыққа ұрынды, бас көтерерлері құдаланып, репрессияға ұшырады... енді есін жия берем дегенде, Екінші дүниежүзілік соғысы басталып кетті. Соғыстан кейінгі қиын жылдар... Осының барлығы қазақты есеңгіретіп жіберді.

Бұл нәубет жылдар келешек ұрпақ үшін үлкен сабақ болуы керек. Өкінішке қарай, кейінгі ұрпақ – біздер, тарихымыздың осындай ақтаңдақ беттеріне лайықты мән бере бермейміз, көп құндылықтарымызды есімізден шығарып алдық. Бізге бүгінгі Тәуелсіздігіміз, азаттығымыз жайдан-жай

аспаннан салбырап түсе салғандай көрінеді. Шын мәнінде солай ма?!. Осы бейбіт ғұмырымыз, еркіндігіміз үшін қаншама қан төгілді, қаншама жан қиылды. Тарих бізге осынысымен тағылымды болуы керек. Қасіретті жылдарды бүгінгі қасиетті Тәуелсіздігіміздің қадірін ұғыныу үшін де естен шығармауымыз керек. «Анаға апарар жолдың» айтар ұлағаты осы – тарихи тамырымыздан айырылып қалмау. Қазақтың бір ғасырлық тарихын екі жарым сағат уақытқа сыйдырып, кино тілімен көркем жеткізе алғандығында. Фильмде жүрекке тиетін, көңілді қозғайтын, сезімге әсер ететін тұстар өте көп. Бірақ оның барлығы өмірдің өзіндей шынайы, әсірелеу мен пафостан аулақ. Тебіренбей, толқымай отырып тамашалау мүмкін емес. Фильм табысының басты кілті де – осында, меніңше.

Жас қазақ: Иә, фильмнің сюжетінің өзі айрықша. Әсіресе, финалы ерекше жүректі толқытады. Жалғыз ағаштың түбінде отырып, жалғыз ұлын сарыла күткен Ана... Жалпы, бұл оқиға өмірде болған ба, әлде шығармашылық қиялдың жемісі ме?

Әділ Ахметов: «Анаға апарар жол» – өмірде болған оқиға. Өздеріңіз білетіндей, режиссердің ата-анасы Қарғаш Сатаев пен Әсия анамыз – өнер адамдары. Ол кезде актерлер қазіргідей емес, жаз мезгілінде айлап гастрольдік сапарда жүретін болған. Сондай гастрольдік сапарының бірінде өнер ұжымы кішігірім ауылға тоқтайды. Ауылдың шетіндегі жалғыз ағаштың түбінде күн ұзын тапжылмастан отырған ақжаулықты әжені көріп, таңырқай қарасқан сахнагерлер мән-жайды тұрғындардан сұраса, бұл әженің баласы соғысқа кетіп, қайтып оралмапты. «Соғыс бітті!» деген сүйінші хабарды естігелі бері кейуана күнде осылай жол бойына шығып, таң қылаң бергеннен күн ұясына батқанша жалғыз ұлын сарыла күтеді екен. Осы оқиғаны кейін ата-анасының аузынан естіген Ақан Сатаев қатты толқиды. Жалғыз ұлын күтіп, жол тосқан ақ жаулықты әже бейнесі режиссердің ойынан кетпей қояды. Ақыры, ол толқынысты күй жылдар бойы жүрек түкпірінде пісіп-жетіліп, «Анаға апарар жол» болып көрерменіне жол тартады. Әу баста тек ұлы Отан соғысы кезеңін ғана қамтығанымен, кейін ауқымы кеңейтіліп, ХХ ғасырдағы қазақ халқының жай-күйін тұтастай ала отырып, сценарист Тимур Жақсылықовпен берік тандемде жұмыс істеген режиссер осындай көңіл тебірентерлік көркем дүниені өмірге әкеледі.

Кейін фильмнің түсірілу барысында тағы мынадай бір оқиғаны естідік. Шағын ауылда өз мұңына тұншыққан тағы бір әже болыпты. Ол да қалтасына құрт-кәмпитін салып алып, таңнан кешке дейін соғыстан қайтпаған жалғыз ұлын күтіп, жолториды екен. Оны біліп алған жас балалар алдынан шығып: «Апа, балаңыз келе жатыр, сүйінші!» – деп, сүйінші сұраса, кейуана қуанып, қолындағы бар тәттісін балаларға үлестіріп береді екен. Бұл оқиға күнде қайталанады. Сөйтіп, өз өтірігіне өзі сенгісі келеді екен. Өмірінің соңына дейін солай өзін-өзі алдаумен өтіпті. Мұндай тағдыр көп болған. «Сондай оқиғалар ұмыт болмасын, халықтың ауыз әңгімесінде ғана қалмасын» деген ниетте қолға алынып, кино тілінде көрерменге ұсынылып жатыр. Бұл фильм – жалғызын күтіп, күллі өмірін сарп еткен сондай аналарымызға қойылған мәңгілік ескерткіш, бейбіт күннің көрерменіне тағылым мектебі. Бүгінгі Тәуелсіздігіміздің, елдігіміздің қадірін жете түсіну үшін де осындай картина қажет еді. Сондықтан, «Анаға апарар жол» дер шағында шыққан фильм деп ойлаймын. Ал, жалпы, көркем туындының негізгі дәнегі – режиссерге ата-анасының айтып берген сол жолғы әңгімесі болған.

Жас қазақ: Ал өзіңіз Ілияс рөліне қалай келдіңіз? Актер ретінде бұл кейіпкердің жауапкершілігі қандай болды?

Әділ Ахметов: Бұған дейінгі түсірілім жұмыстарында жүргенде кастинг директорлары Ақан Сатаевтың «Анаға апарар жол» деген тарихи тақырыптағы ауқымды фильмді қолға алғанын ара-тұра айтып қалатын. Сол кезде іштей: «Шіркін-ай, сол киноға өтсек жақсы болар еді» – деп ойлап қоятын едік. Адам болғаннан кейін, оның ішінде актер болғаннан кейін, әрине, іште шығармашылық арман-тілектерің болады ғой. Сөйтіп жүргенде, әлеуметтік желілерде «Анаға апарар жолға» кастинг жарияланғандығы жайлы ақпаратты оқыдым. Өзім қатарлы актерлер кастинг барысында түсірілген суреттері мен бейнеүзінділерін де желілерге үздіксіз жүктеп жатты. Осындай шығармашылық қызу процессті көріп: «Мені шақырмады ғой» деген іште ой қалды. Содан арада көп уақыт өткен жоқ, фильмнің кастинг директоры хабарласып, арнайы жолданған сахналар бойынша бейнетүсірілім

жіберуімді өтінді. Айтқанын орындадым. Аз уақыттан кейін екінші кезеңдік іріктеуге жолдама алып, Алматыға шақыртылдым. Сондағы бір қызығы, байқауға қатысуға ниетті көп қыздардың ішінде маған сахналық серіктес болып Аружан Жазылбекова түсті. Берілген тапсырманы орындадық. Режиссер көрді. Сөйтіп, көп ұзамай сүйінші хабар да жетті: Мен – Ілияс, Аружан –Үміттің рөліне бекітіліпті. Рөл бекітілгенен бастап, түсірілім аяқталғанша, тіпті фильм көрерменмен қауышқанша Ілияспен өмір сүріп келдім. Әлі де ол әсерден шыға қойған жоқпын.

Жалпы, менің Ақан Сатаевтың фильмдеріне келу жолым да қызық. Ең бірінші рет «Рекетир» фильмінде көпшілік сахнаға түстім. Орыстың қызы екеуміз қол ұстасып, бірнеше секундтық қана кадрде көріндік. Кейін «Жау жүрек мың бала» фильмінде де жалғыз-ақ кадрде бармын. Көпшілік сахнаның «Әумин!» деп қол жаятын эпизодында Райымбек батырдың рөлінде көріндім. Одан соң, үшінші фильм «Рекетир2» фильмінде сөз сөйлеп, фильмнің эпизодына кіре бастадым. Сөйтіп, міне, «Анаға апарар жол» картинасында басты рөл – Ілияс бейнесі бұйырды. Қазір ойлап қарасам, мен Ақан Сатаевтың фильмдеріне бірден қойып кетпеппін, орын-орнымен, сатысатысымен келген екенмін *(күлді)*.

Жас қазақ: Бүгінде Ілияс секілді осындай қаһармандық фильмдерге кейіпкер болатын тұлғалар бар ма? Сіздіңше, бүгінгі заманның қаһарманы қандай болу керек?

Әділ Ахметов: Қаһармандар қай кезде болмасын бар ғой. Сол секілді біздің арамызда жүрген бейбіт күннің батырлары жетерлік. Қаһармандық деген қолға қару алып, жауға қарсы соғысумен өлшенбейді. Мәселен, осындай аумалы-төкпелі заманда өзінің тілін, дінін, ділі мен дәстүрін сақтап, үлкенді құрметтеп, кішіге ізет көрсетіп, «елім, жұртым» деп жүрген әр азаматты мен бүгінгі күннің қаһарманы деп есептеймін. Тарихымызды ұмытпай, болашақ үшін еңбек етіп жүрген кез келген азамат – қаһарман. Мысалы, мен үшін Ақан Сатаев – бүгінгі күннің қаһарманы.

Өткенде Орал қаласынан бір жігіт ағасы телефон шалды. Үздіксіз алғысын жаудырып жатыр. Толқып, тебіреніп тұрғаны даусынан анық сезіледі. «Менің жұбайым: «Қазақтар кино түсіре алмайды» – деп, отандық фильмдерге менсінбей қарайтын. Сіздердің фильмдеріңіз жайлы достарымнан естіп, әйелімді киноға әдейі ертіп апарып едім. Фильмнен әсерленгені соншалық, жұбайым жылап, бір ауыз сөз айтпай үйге келді. Менің әйелімді мойындатқандарыңыз үшін көп рахмет!» – деп өзінің эмоциясын білдіріп жатыр. Сол секілді фильмді көрген имам ағаларымыз: «Мың уағыздан артық дүние екен» деп ризашылықтарын білдірісті. Бұдан артық қандай баға керек!

Жас қазақ: Режиссер Ақан Сатаевпен шығармашылық тандемде жұмыс істеп жүрген актерлердің бірі ретінде сұрасам: режиссер жұмысының өзіндік ерекшеліктерін қалай бағалар едіңіз?

Әділ Ахметов: Әр режиссердің өзіндік ерекшелігі, жұмыс істеу тәсілі бар ғой. Ақан Сатаевтың режиссер ретіндегі үлкен ерекшелігі – бұл кісі актерлерге еркіндік береді. Әуелі, актерді өзінің қиялының қарымы негізінде байқап көреді. Егер, рөл қияс кетіп, тіпті шықпай бара жатса ғана, өзі араласады. Бұл – актердің жан-жақты ашылуына, ізденісін толыққанды көрсетуіне жол ашатын шығармашылық сәтті әдістемелердің бірі деп санаймын.

Екіншіден, режиссер үнемі шығармашылық құраммен ақылдасып отырады. «Мен – режиссермін, менікі – дұрыс» деген билеп-төстеу Ақан ағада жоқ. Керісінше, алдын ала дайындалып, жауабын тауып келген ойының өзін кейін ысырып, әуелі көпшіліктің пікірін тыңдайды. Сәтті айтылған пікірлер мен шешімдер болса, қабылдап, барлығын ақылдаса жүзеге асырады. Бұл да актерлердің өзіне деген сенімін оятатын, камера алдында еркін көсілуіне мүмкіндік беретін жақсы тәсіл деп ойлаймын.

Үшіншіден, Ақан Сатаев қай фильмінде де кеңесшісіз жұмыс істеп көрген емес. Тарихи фактілерге өте үлкен жауапкершілікпен қарайды. Үнемі мамандармен ақылдасып, кеңесіп отырады. Қазақтың «келісіп пішкен тон келте болмас» деген мәтелін өз жұмысында жетік пайдаланып жүрген режиссерлердің көшбасына осы Ақан ағамызды жатқызсақ, бәрі келісер деп ойлаймын.

Жас қазақ: Театр мен киноны қатар алып жүрген өнер иесі ретінде, алда тағы қандай шығармашылық жоспарларыңыз бар?

Әділ Ахметов: Ілияс рөлінен кейін бірнеше фильмдерге түсуге шақыру алдым. Бірақ «Бұл фильм экранға шықпай, басқа киноларға түспеймін» деп

өзіме іштей берген уәдем бар еді. Қанша жерден актер болғанымен, Алланың берген түрі біреу ғой. Жиі-жиі көрініп халықты жалықтырып алғым келмейді. Оның үстіне, қазір өзім қызмет ететін Астана қаласы Жастар театрында да қызу жұмыс күтіп тұр. Режиссер, ұстазымыз Нұрқанат Жақыпбайдың сараптауындағы Әбіш Кекілбаев ағамыздың «Абылай хан» тарихи поэтикалық драмасын сахналауды қолға алдық. Қойылымның алғашқы дайындық жұмыстары да басталып кетті. Абылай – күрделі бейне ғой. Асығыс шығарғым келмейді. Сонымен қатар, биыл Жастар театрына 10 жыл толып отыр. Театрымыздың мерейтойы қарсаңында да алда көптеген жұмыстар күтіп тұр.

Жас қазақ: Әңгімеңізге рахмет!

Сұхбаттасқан
Назерке ЖҰМАБАЙ,
Астана

БЕЛЕС

Экранда – ұлт болмысы

Қазақ киносында жаңа белес алынды. Бұл болмысымызды тануға жасалған маңызды қадам. Ізденіс әртүрлі тақырыптың аясында жүргізілгенімен, мақсат біреу. Біз кімбіз?! Қандай қасиеттерімізбен ерекшеміз?! Киногерлер осы сауалдың айналасында ізденген. Идея да мақсатты түрде жүзеге асқан. Толық жауабы да берілген.

Экранға өте мазмұнды туындылар келді. Мақсатты нәтижеге қол жетті. Сан сұрақтың жауабы алынды. Көкейдегі көп ойларға қорытынды нүкте қойылды. Күмәнді сенім жеңді. Маңызды істеріміз бен қасиеттерімізді фильмдеріміз арқылы алдыңғы қатарға шығара білдік. Біз шын мәнінде, тектіліктің жемісіміз.

Рухымыз биік. Әділміз. Есемізді есепсіз жібермейміз. Намысшылмыз. Ұсақ-түйек термейміз. Іріміз. Ісімізді адалдыққа негіздеп, адамшылдықпен шешім жасаймыз. Өзгеге қиянат жасамаймыз. Зорлық көрсек, аямаймыз. Сабырмен артын бағамыз. Артық кетсе, ар-намысқа тисе, абыройды төксе, ақтық жолдың күресінде соңына дейін барамыз. Соңғы уақытта экранға шыққан «Құнанбай», «Жұлдыздар тоғысқанда», «Аманат», «Анаға апарар жол» фильмдерінен осы болмысымыздың үлгі болар тұтас бейнесін көре алдық.

«Құнанбай» фильмі авторлардың ерекше талғамының нәтижесі. Құнанбайдың бейнесі үлкен шеберлікпен, тереңінен зерттеліп жасалған. Оның болмысынан ұлттың мінезін іздеген. Қомақты, жауапкершілігі зор жоба сәтті жүзеге асқан.

Бұл фильм авторларының шығармашылықта жасаған батыл да шешуші қадамы. Құнанбайдың заманы экранда барынша шынайы ашылған. Билікте ұстанымы берік, әділ шешім жасайтын Құнанбайдың бір бейнесінің мазмұнына тұтас қазаққа тән үлгі боларлық ортақ қасиетті үйлестіре білген.

Шешуші сәттерде, даулы сынақта өзімізге сын көзбен қарайтын мінезімізді де барынша нанымды ашқан. Араздыққа ағайыншылдықпен нүкте қоятын, сатқындықты кешпейтін, имансызға сенбейтін қасиеттеріміз де көрініс тапқан. Бұл фильм ұлттың бетке ұстар азаматтарының ұстанымының қаншалықты берік болуы қажет екендігінің үлгісін ашып бере алған туынды.

Көк пен жердің байланысы шексіз. Құпиясы – сенім. Сенімі берік тұлға ғана жаратылыстың сырын өзгелерден артық түсінеді. Келешегін көреді. Көшті жеткізетін жолын біледі. Таңдалады. Тағдыры көктен шешіледі. Үлкен миссия жүктеледі. Бұл – ақиқат. Көптің бірінен көшбасшы бекер таңдалмайды. Кездейсоқтық болмайды. Шешуші сәттер туады. Сыры жұлдыздарға ғана мәлім. Осы құпияның мәнін Елбасының журналистке берген сұхбатында бір-ақ ауыз жауабының аясына сыйдыра алған фильмнің бірі – «Жұлдыздар тоғысқанда».

Тақырыптық тұрғыдан өте сәтті туынды. Мазмұны терең. Тәлімі мол. Күрескерлік қасиет үлгі боларлықтай. Фильм үлкен шеберлікпен жасалған. Сезіндіре алған. Жауапкершілік жүгін көтерудің оңай емес екенін. Түсіндіре білген. Барды сақтаудың да маңызды екенін.

Елбасының естеліктеріне құрылған оқиға желісі көп жәйттің басын ашады. Өткенге оралу, бүгінгі күннің маңызы бір-ақ басты құндылықты түсіндіре алды. Тәуелсіздіктің құны. Келешекке деген сенім. Дана ұлттың ұрпағының болашағы да жарқын болуға тиісті.

Фильмнің тұтас мағынасы үлкен жүректің сырын ақтарады. Халықтан қалауы да бір-ақ тілек. Өмір сүру салты мен ойлау сапасы да лайықты үйлесімнің үлгісін көрсетсе игі. Біз еңсесі биік елміз. Халық осы рухты жігерлендіруші басты күш. Осы міндет бәрімізге ортақ. Өткен тарихымыз бен тағдырымыз бізге бір-ақ нәрсені түйсінуге мүмкіндік береді. Біз барды бағалап қана қоймай, оны сақтаудың да жолдарын меңгере білуіміз керек.

Әр ғасыр өз жаңалығымен келеді. Алмағайып заманның өз болжамы болады. Уақыт кепілдік бермейді. Даналықпен шешім жасайтын қасиетімізден ажырамасақ, сенімімізді жоғалтпасақ, біртұтастылығымызды сақтасақ, алатын асуымыз көп болады. Сыры жұлдыздарға ғана мәлім. Бұл фильм жаратылыстың өз шешімі болатындығын, ол маңызды сәт жұлдыздар тоғысқанда туатындығының құпиясын Елбасының өмірінің мысалында түсіндіріп бере алуымен құнды.

Тарих даулы болмас үшін тек қана жеңіспен нүкте қоя білу керек. Өмірде айналып өтуге болмайтын, аяғына жеткізбей қоймайтын жауапты іс бар. Бұл – аманат. Біздің халық аманатқа ерекше жауаппен қараған. Аманатқа қиянат жасауға болмайды деп те бекер өсиет айтылмаған. «Аманат» фильмінің авторы үлкен жауапкершілікті көтеріп шыққан.

Жаратылыстағы тіршіліктің жоғарғы мәнін сақтау адамзатқа аманат. Шешуші тұлғалардың маңызды ісін жалғастыру ұрпаққа аманат. Кенесары ханның бас сүйегін қайтару қазақ халқына аманат. Тарихта аяқталмаған миссияны қорытындылайтын сәт туады. Басты мүдде үшін күрескен тұлғалардың рухының тыныштығы үшін. Бұл фильм тарихи аманаттың ар алдындағы маңызын ашып бере алуымен құнды.

«Анаға апарар жол» ұлттың жүріп өткен тарихи кезеңдерінің маңызды тұстарын қамтыған. Ұзақ жол. Сынаққа толы. Осы толғанысты ананың ұлын күтетін ішкі күйімен сәтті ашқан. Фильм авторларының басты мақсаты да осы күйді ашып беру. Мемлекеттің міндетімен байланыстыру. Ұғындыру. Қайтпас қайсар күрескерлік мінезімізді Ілиястың бейнесі арқылы үлгі ету.

Ана мен бала арасындағы махаббат бейне бір жаратылыстың үйлесімін ұстап тұрғандай құдіретке ие. Осы байланысты фильмнің табиғаты сезіндіре алған. Ананың, жалпы әйел затының қоғамдағы алар орны ерекше. Ұрпағының келешегіне аландаған ананың бейнесі үлгі боларлықтай. Жолын сағына күткен, келетініне сенген ананың жүрегі бейне бір балаға деген махаббаттың бар сырын ақтарғандай. Бұл фильм Анаға тән басты қасиетті ашып бере алуымен құнды.

Гүлзат КӨБЕК,
кинотанушы

www.jasqazaq.kz E-mail: jas_qazaq@mail.ru

Естелік

Дәуітәлінің дәуірі туады әлі



Ден қойған әдебиетші маман Дәуітәлі жырынан ежелгі поэзия алыптары өткен неоклассицизм мен бертінгі модернизм мәнерін де, сыншыл реализм мен элегизм элементтерін де табар еді. Әйтеуір, Пушкин, Лермонтовтан бастап Абай мен Қасым, Тұманбай мен Қадырды қадір тұтып оқып, өз қолтаңбасын айшықтаған ақын өлеңінен негізгі идеялық-көркемдік ағымдардың бәрін ұшыратасыз. Ізденіс жолында небір батыл эксперименттерге де едәуір барған шайыр символизм мен романтизм кеңістігіне де құлаш ұрады. Сөйтеді де, тереңнен терген маржандай жарқыратып, үнемі жаңашылдық үлгісін көрсетуге

ұмтылады. Дәуітәлінің ақындық таным үдерісі де айрықша. Бір қарағанда, сонша қарапайым көрінетін ақын поэзиясының тұңғиық түкпірінен лықси бұлқынатын ерекше қуатты сезінер едіңіз. Тура өз табиғаты секілді буырқана атойлайтын ересен адуындықты аңдар едіңіз. Мұндайда әйгілі Герценнің: «Аяқ-қолындағы кісенге қарамастан еңсені тік ұстау үшін ерен өрлік қажет» деген сөзі еріксіз еске түседі. Дәуітәлі Стамбекұлы да аса асқақ болмағанымен, өте қайсар мінезді жан еді. Және тоталитарлық замана кезеңінде оның да қанатын кең жайдырмай, нәзік жанын жаралаған жәйттердің кездесіп баққаны анық.

Алайда Дәукең жеке шығармашылық лабораториясы құпиясын көп аша бермеген. Жазу барысындағы жан толқынысын әйеліне де, баласына да, әріптес достарына жариялай қоймайды. Жариялағанмен де, оның мәнін дәл өзіндей ешкім ұғына ала ма? Ақынның тылсым әлемі деген де осы. Ал оның нұрлы жүрек сыры, ел мен жер тағдырына қатысты философиялық ой-тұжырымдары қызықтырса, жақұт жыр астарына үңіліңіз.

Әрине, талай жылдар бойы бірге жүріп, бірге тұрғаннан кейін, қосағының көңіл күйі құбылысына жан жары араласпай тағы тұра алмайды.

– Көп жағдайды қазір ғана қатты сезініп жүрмін. Толғанатын сәттерін көрсетпеуге тырысқанымен, шабыты келген мезгілде ештеңеге қарамайтын еді, – дейді ақынның зайыбы Фарида Закарина. – Бөлмесіне кіріп кетеді де, жазып шығады. Немесе даладан екпіндете кіріп, жұмыс үстеліне қарай ұмтылатын кездері бар. Ондайда аяққимін де, плащын да шешпейді. «Ау, не болды?! Не көрінді?!» десең, «Кішкене тұра тұр, тұра тұр!» деп ымдайды. Біразырақтан соң шығып, ух деп дамылдап, рахаттанып отырғанын көресің. «Не болды сонша аптығып?» деп сұрайсың ғой тағы. – «Не болушы еді! Көлденеңдеп, ойыма келген шумақты ұмыттырып жібере жаздадың жаңа!». – «Енді, қызықсың ба, тым құрыса, төплиінді шешпейсің бе?!». – «Ой, аяқ шешкенше қайда! Еден былғанса сүртіп ала саласың. Ал сөзімнен айырылсам, қаншама қайғырмаймын ба!»...

Сөйте-сөйте шығармашылық адамның отбасы оның әдет-ғұрпына әбден бейімделеді. Шабыт буған сәтін аңдап, аяқ ұшымен жүруге дағдыланады. Бас сұғатын көрші-қолаң мен келген мейманды да соған үйретеді. Өйткені ол өлеңмен өмір сүрген.

– Көпіртіп көп жазуға да құмартпағанымен, кейде түн ортасына дейін отырады. Одан, тұрғызып алып өлең оқиды. Бастапқыда түсінбейтінмін. Тіпті жаспын ғой онда. Жиырма екідемін. Онша ұқпасам да, ұйқылы-ояу иә, иә, деп бас шұлғи беремін. «Қалай екен?». – «Иә, жақсы екен!». Сөйтем де ұйықтап қаламын. Таңертеңіне шәй ішіп отырғанда: «Түндегі өлеңім шын ұнады ма?» деп сұрайды. Мен күмілжіп, ұмытыңқырап қалғанымды айтамын. Жатып кеп ашуланады. Мүлде тыңдамапсың деп ренжиді. Сосын қайта оқиды. – «Иә, өлеңің шынымен де керемет екен!». Расында да, солай болады.

Дәуітәлі сыңарын өлеңді жай тыңдап қоймай, көзқарасын білдіріп, өзара бүкпесіз пікір алысуға баулиды. Өсти-өсти КазПИ-дің биология-химия факультетін түгескен әйелін әжептәуір әдебиет сыншысы қылып шығарса керек. Бұған орыс мектебін бітіріп, әлем классиктері еңбектерімен біршама ерте танысқандығы да септігін тигізеді. Келе-келе сөз өнеріне ыңғайланып, сол өзі тәәмәмдаған жоғары оқу орнының фиололгия факультетін сырттай аяқтайды. Орыс мектебіне Қазақ тілі мен Әдебиеті пәндерінің мұғалімі болып орналасып, мамандық алмастырады. Кейін Дәукең өзінің кей өлеңін батыл сынайтын зайыбына аңтарыла қарап:

– Өй, сенің тіліңді сындырып адам қылам ба деп жүріп, басыма бәле тілеп алған жоқпын ба, осы! – деп күлетін көрінеді.



Фарида Базылқызы 1978 жыл

Иә, Дәуітәлі ақын ұтқыр әзілге де шебер еді. Жеңгемізге тұңғыш ұлындай еркелейтін сәттерін де талай көрдік. Ондайда да көбіне ұйқаспен сөйлейді. Мысалы, ақша сұрағысы келгенінде:

– Фарида! Қайда сенің кәшөлегің?!
Кәшөлегің болмаса аш өлемін! –

дейді дауыстап.

– Ақындар бала мінезді деп жатады ғой. Шынында да, солай еді. Әлдене тез бола қоймаса, тыз етіп ашуланады да, лезде басыла қалады. Бір нәрсесі табыла қалмаса, өкпелеп отыра кетеді. «Не болды?». – «Мен әлгіні таба алмай отырмын. Сен маған көмектеспейсің!». Жүгіріп барып тауып бересің. – «Е, міне! Осыны таппай қор болдым ғой!». Одан соң қайсыбіреудің әлденені жаңсақ, қате айтқанын естісе, керемет ашуланатын. Тура аспан айналып жерге түсетіндей күйінеді. – «Не болды сонша! Кішкене қателескен шығар енді». – «Жоқ, дұрыс емес онысы!». Өмірде бір грамм өтірік болмау керек ол үшін. Өлеңде де. Мен ғұмыр бойы Дәуітәлінің адалдығына бас иген адаммын. Бір күні кешігіп келді. Жалақы алған екен. Қалтасын сыртынан қағып-қағып қояды. Сосын: «Әй, Фарида, осы, елдің еркектері әйелдерінен ақша тығып қалады екен. Мен де сенен азырақ тиын-тебен алып қалғым келіп еді. Бірақ соны қай қалтама салғанымды білмей шатысып тұрмын» деді. – «Ойбой, бейшараай, соны да жасыра алмадың ғой менен!». – «Енді қайтейін, өтірік айта алмаймын. Сұраған кезде беріп тұрасың ба? Сен жақсысың ғой, а?!» дейді.

Жан сарайы сәбидей таза азамат өмір бойы арамдықпен, надандықпен арпалысқан. Мещандыққа бой алдырмаған оны дүниеге жақын кейбіреудің ақымақ санағандай болуы да мүмкін. Ол ешқашан құлқынға құл болмаған. Дәукеңнің аса ықпалды адамдармен жақсы қатынаста жүргенін білетін ек. Бірақ адамгершілік ар-намысы мен ақындық абыройына қылау түсірмеген бекзат жан ешкімнен ештеңе сұрамаған. Қолынан келгенше, маңайына қарайласуға тырысқан.

– Қайырымдылық жасағысы келіп тұратын. Біреудің қиналғанын көрсе, дереу қолғабыс тигізгенше асығады. «Қазақфильм» ықшамауданында тұрған кезімізде неше қилы адамдармен кездесті. Әлдекімнің үстіндегі кәстөмі, бәтеңкесі ескі болса үйдегі артық киімін соған апарып беретін. «Әй, өзіңе керек емес пе?». – «Жоқ, мен табам ғой. Ана байғұстың табанынан сыз өтіп жүрген сияқты» дейді.

Дүрмекке, дақпыртқа да құмартпаған Дәукең ешкімнен мақтау да күтпеген. Әділетсіздікке, зұлымдыққа төзбей, нағыз ақындық тағдыр кешкен оның әрбір жыры замандастарын мейлінше биік мұраттарға, әсемдікке үндегені анық. Және не жасаса да шырқау шегіне жеткізіп, өте жоғары деңгейде атқаратын еді. Үлкен ақын Дәуітәлінің жақсы әнші, шебер суретші екенін де көпшілік біле қоймауы мүмкін.

– Алғаш танысқан кездерден кейін менің кескінімді жарты ватманға салып әкеліпті. Қайран қалдым. Айнымайды. Ақ қағаздан шыға келердей болып, мөлдіреп тұр. Домбырасын күмбірлетіп, Ақан сері, Біржан сал, Мәди әндерін шырқатқанда да жан тербететін еді.

Дегенмен, өмір күнде мейрам емес, оның өзі де жырлағаныңдай, шын шайырдың «мінезінде дауыл бар, боран бар, от бар, жауын бар», – асау ақынның аласапыран жан әлеміндегі сұрапыл толқындардың екпініне шыдамаған кездер де кездескен секілді. Фәкең сондай шақтардың бірінде ажырасуға шақ қалған кезеңнің де болғанын жасырмайды.

– Бір күні балаларды алдым да, төркініме – Қарағандының түбіндегі Нұраға кеттім де қалдым. Тіпті енді Алматыға қайтпаймын деп, бара сала мектепке жұмысқа да орналасып алған едім. Сол барғанда үйде бір жылға таяу бөгелдім-ау. Осы уақыт аралығында Дәукең соңымнан іздеп үш мәрте келді. Қанша кешірім сұраса да, теріс қарап, илікпей қойдым. Тек үшінші жолы келгенінде, әкем Базыл деген кісі мені оңаша шақырып алып: «Балам, ер-азаматыңның меселін қайтара берме. Қателік кімде жоқ. Сүйіп қосылған – өздерің. Қандай жағдайда да бір-біріңе кешірімді болғандарың жөн» деді.

Әрбір пенде баласы сияқты Дәуітәлі де өз басынан талай қуанышты да, қайғыны да өткереді. Жүрегін тілім-тілім қылған қасіретінің үлкені – кіші баласы Русланнан айырылған сәті шығар. Ол бірінші сыныпты бітірген жазда Балқаштағы атасының үйінде каникулда жүріп суға кеткен еді. Дәукең өзінің аузынан түсіп қалғандай сол кішкене ұлының қазасына қанша қайғырса да, сыр бермеуге тырысты. Тек мұң-зарын «Мәңгілік класс», «Көл жағалай жүгіреді бір бала» деген өлеңдеріне төгіп, өз-өзін жұбатты. Әсіресе, анасының қолынан шығып кетіп, көлге сүңгіген баласының қайта шықпай қалғанын баяндай келіп:

– Кейде көлден әріден қаптап бұлт,
Найзағайын атады шақпақ қылып.
Осы кезде
Толқынның ортасында
Менің балам жүреді
Сақ-сақ күліп, –

деп аяқтайтын жырын көңіл қамықтырмай оқу қиын.

Арада бірталай жылдар өткенде елу жастан аса беріп Дәукеңнің өзі де кетті. Соның алдында жары Фаридаға: «Түсіме марқұм шешем кіріп жүр. Кел деп шақырады. Барайын деп ем, әкем қоя тұр, кейін барасың деп жібергісі келмеді» деп сыр ағытады.

– Қой, жәй, Құран дәметіп жүрген шығар деп, шелпек пісіріп, дұға бағыштадық та қойдық. Әйткенмен, көңілге күдік кіріп, қобалжи бастағаным рас. Ал өзі тақалған қатерді қатты сезді. Бір күні: «Фарида, мен өліп қалсам басыма жазатын өлең іздеме, жазып қойдым» деді. – «Онда балалар білсін, менің де басыма арнап бір өлең жаз!» деп әзілдеген болдым. – «Сен олай деме. Менің артымда қалуың керек емес пе» деді. Әлгі өлеңінде:

– Алдың ақын, төріңді,
Кештің қилы өмірді.
Жерің сені көтерді,
Жылыт енді жеріңді.
Осы күннің келерін
Ерте сезген сен едің.
Жүрегінде еліңнің
Қалды мәңгі өлеңің.
Жат, ұйықта, ақыным,
Туған жерде ақырын.
Жаңа туып келеді
Сенің жұлдыз ғасырың! –

депті. Расында да, көктасына осының бір шумағын алып жазғыздым...

Бүгінде арагідік Дәуітәлі шын бағасын ала алмады деген пікірлер де айтылмай қалмайды. Мұның да шындығы жоқ емес шығар. Тек өз басым күндердің-күнінде, өзі айтқанындай, жұлдыз ғасыры туып, Дәуітәлінің де елінің арасына алып, ескерткіш болып оралатынына кәміл сенемін.

Құлтөлеу МҰҚАШ

*СӨЗСЫРҒА

ӨЛЕҢНІҢ ӨЗ ӨКІЛІ

– Дәуітәліні алғаш 1972 жылы көрдім. КазГУ-дің алғашқы курсы басталар алдында үлкен поэзия кеші өткен. Кейін аттары дүркіреп шыққан бізден сәл ересек ақындар сол сәт кең аудиторияда кезек-кезегімен жарқылдап өлең оқыды. Бір кезде үйірме жетекшісі «Дәуітәлі Стамбеков!» деп хабарлады. Шаршы алаңға ұршықша үйіріліп орта бойлы келген дөңгелек жүзді жігіт ытқып шықты. Қарақаттай екі көзі де дөп-дөңгелек екен. Толқынды қара шашы дудырап, әдемі кескінін одан сайын айшықтап тұр. Дауысы нық:

– Жақында «Жазушы» баспасының Поэзия редакциясына барып едім, есігі – тарс жабық. Дүңкілдетіп ұзақ қақтым. Ешкім ашпайды. Жұлқылап та көрдім. Қысқасы, Өлең әлемі мені кіргізгісі жоқ. Сонан соң босқа келдім бе деп, сырттан темір лом әкеліп ашсам, ішінде малдасын құрып Қадыр Мырзалиев отыр! – деп жұртты ду күлдірді. Ел дүбірлеп, қол соғып жатыр. – Менің байқауымша, бүгінгі поэзия екі түрлі бағытпен дамып келеді. Бірі – азаматтық лирика, екіншісі – нәзік лирика. Алғашқысының негізін салған Маяковский, кейінгісінің бастауы – Есенин. Осылардың қайсысын таңдаған жөн? Егер алда-жалда Совет өкіметі құлай қалса, Маяковский қоса құлайды. Сондықтан, оның жолы уақытша. Ал Есениннің поэзиясы мәңгілік. Сондықтан, мен осы соңғысын таңдадым! – деп барып өлеңін оқып кетті. Жиналған қауым сілтідей тынды. Менің құлағымда «егер алда-жалда Совет өкіметі құлай қалса» деген сөз күңгірлеп тұрып қалыпты. Бұл, шынында, сол кезеңде төбеден жай түсіріп, естен тандырғандай өте тосын нәрсе еді. Үйірме жетекші – оқытушы доцент ағайдың түсі бұзылып кеткен. Сөйтіп, жас шайыр «жындылығын» осылай байқатты. Дегенмен, сол сәттен-ақ оның нағыз ақын екенін аңдаған едік. Арада жиырма жылға жуық уақыт өткенде Совет өкіметі де құлады. Ал Дәуітәлінің сондағы сәуегейлігіне әлі күнге дейін таңырқаймын.

(Ақын Ұлықбек Есдәулеттің естелігінен)

Көкпар

Киіздей ұйысқан боз көдені болат тұяқтар жеміріп жіберді. Төңіректің бәрі аласапыран. Ортада теңкиіп жатқан сұр серкеге қапталдасқан көп атты жіберер емес. Әсіресе, қос құлағын жылмитқан ақбоз атты қапсағай денелі қара бала төрт өрім қамшысын азуына басқан күйі астындағы атын қайта-қайта тебініп, кес-кестейді. Сұлтанның қолы тілерсегінен шорт кесілген серкенің сирағына еркін жеткенімен, жерден жұлып әкете алмады. Астындағы қарагер үркектеп, кілт бұрылғанда шабдар атты екпіндеп келіп, омырауымен соғып өткенде, үзеңгі бойы көтерілген серке қолынан сусып кетті.

Орда бұзған қос команда

– Мұрат, Мұрат, – деп айғайлады Сұлтан, – қапталда.

Есебі қарсылас команданың ойыншыларын серкеге жақындатпай, екінші командалас серігі көлегейлеп, қапталдап кірісуі шарт. Сол сәтте белі берік ат мінген Сұлтан боз көденің үстінде бозамық шаңға мелтектеп жатқан серкені жай оғындай жарқ етіп іліп әкетпек. Есік пен төрдей сауырлы, жаялы шабдар аттың алдына өңгеріп, тақымға бір қысса Сұлтан қайтіп серкеден айырылмақ емес. Одан арғысы оңай. Ұшқыр қарагерге мінген Аманжолдың қолына бір тигізсе, додада шыр көбелек айналған қарсылас команданың ойыншылары шаң қауып қалды дей беріңіз.

Макинкадан Астанаға асар күре жолдың оң жақ қапталында момақан ғана Қанай тауы бар. Жергілікті жұрт тау деп ат қойып, айдар таққанымен, асқақтығы алыстан байқала бермейтін момақан ғана төбе. Сол төбенің атын қазір бауырындағы Жаңаталап ауылының жігерлі жастары шығарып тұр. Үркердей ұйысқан отыз үйлі шоқ жұлдыздай шағын ауылда көкпардан екі команда шығып отыр. Бірі – ересектер тобы, екіншісі – жеткіншектер тобы. Бұл ауыл ежелден атқұмар, бесіктен белі шығысымен аттың құлағында ойнайтын шабандоз ауыл.

Әу баста көкпар туралы әлдебір әдеби шығармалардан ғана оқып білетін, тіпті ауылдың көнекөз қариялары да осы бір ұлттық ойын туралы жұмған ауыздарын ашпайтын. Біз көрмеген, бәлкім, біздің әкелеріміз көрмеген тұста болса керек-ті. Есте жоқ, ескі күндерден еміс-еміс ескен соқпағы көмескі, сұлбары солғын хабарда былай делінетін. Көне дәуірде Алаш жұртының бағы аспандап, аптал азаматтары Сарыарқаның сайын төсінде бұла күштері бойларына сыймай, бұлғақтап жүрген шағында жұдырықтай серкенің орнына, талыстай өгізше тартқан деседі. Оның ар жағындағы тоқтының тоқпақ жілігін азу тісімен қарс айырып, кемігін, жілік майын жұтатын бабалар көкбөріні өзін тартыпты. Аяқтарын байлап, ауызын тарамыспен қамсаулап. Көкпар атауы сол көкбөріден шыққан деседі аңыз-әпсанада. Елдің малын жеген, адамын қан қақсатқан қанды ауыздың сазайын тарттыру үшін. Енді қайтіп, ел бетін көрмеу үшін. Бір жағы ермек, екіншіден, мал баққан жұрты үшін қастасқан жауынан өш алу, тұқымын жасыту. Осы күні ергежелінің елуі жабылып, ат үстінен салмағы 30-40 келі тартатын серкені әзер көтереді. Ал өгізше дегеніңіз қайда, тым дәу ғой. Жүз, бәлкім, 150 келі. Мұншама батпан салмақты бахадүр ұлдар ғана көтере алса керек-ті. Ал астындағы аты қандай болды екен. Ат демекші, ересектер командасының жаттықтырушысы Бүркітбай Нұрмұхановтың айтуынша, көкпар ойынында ең басты рөлде ат болуға тиісті. Ат болғанда да мың салса, бір баспайтын тұқымы азған жабы емес, қара жердің құйқасын болат тұяғымен қазан шұңқыр қылып қопарып тастайтын қаны ыстық, қазақы жылқы. Сан мәрте сайысқа түскенде астарындағы аттарының әлжуаздығынан опық жеп жүрген жайы бар. Сонан соң ғой, ауылдағы көкпар командасының мүшелері қос-қостан ат жаратып, тұқымын түзей бастағаны.

Ең алғаш көкпардың өзі түгіл атауы аталмайтын азғантай ауыл азаматтарының бұл ойынға ындыны құрғаны Бөгенбай батырдың тойынан басталған. Дәл ауылдың іргесінде даңқы жер жарған 300 жылдық асы өткізілді. Осыдан дәл 20 жыл бұрын. Сол тойда көкпар тартылды. Бір қызығы, бәлкім, өкініштісі, сол жолғы ең алғашқы көкпарға Капитоновка, Партизановканың орыс жігіттері қатысты. Қарадан қарап тұрып, бұлар қатты қысылған. Тіпті сол асқа жердің үстімен барып, астымен қайтты десе де болғандай. Намыстан. Өзекті өртеген өкініштен. Атадан қалған дәстүр, ер қайратын жанитын ұлттық ойынды бұлар емес, жылқыны жатырқай қарайтын өзге жұрт ойнап жүр. Әлде бұлар туғанда шешелері қалжа жемеп пе еді. Ат жалын төсеніп өскен бабадан қалған бахадүр ойынға қатыса алмағандарына қатты

опынды. Содан соң жаңаталаптың ұлтжанды ұлы Еркінбек Әлібеков, Бүркітбай Нұрмұхановтар той тарқаған соң көкпар тартпаққа, өздерінше команда құрмаққа бекінді. Әу баста қанда бар дүние, қасиет бабадан дарыған. Қолда бар аттарды әбзелдеп, өздерінше ереже бекітіп, жаттығу жасаған. Ер-тоқым қасы қайқиған орыс ері, алды-арты жылмағай қазақы ер жоқ. Көкпардың арнаулы киімі де бұларға бұйырған емес. Тіпті әлі күнге дейін аудандық, облыстық сайыстарда топ жарып жүрсе де, жүлделі орын алса да, иіндері жарқырап бәрі бірдей біркелкі командалық киім киіп көрген емес. Етігінің өзі 15 мың теңге тұрады. Өзге команданың үстінен арнайы киімді көрген бұлардың жастарының ауыздарының суы құриды. Етік болғанда қандай, ананы бір киіп үзеңгіге шіреніп тұрып серкені тартсам дейді қиялдап. Баяғының батырлары айтпақшы, «тарта алмасам маған серт».

Алдағы күндерге жасалған жоспар, уәделескен байлам бар. Еркінбек пен Бүркітбайлар бас болып жастарға ұйытқы болуда. Бір тоқтыны даланың иті де жеп кетеді. Құдайға шүкір, мал басы бар. Биыл күзде әр шаңырақ бір малдан шығарып, қос команданы қыздың баласындай етіп киіндіріп алмақшы. Сонан соң облыс түгілі, республикалық сайысқа қатысса да иіндері жарқырап, мерейі өспек. Осы таяуда ғана өткізілген облыстық ұлттық ойындар спартакиадасында үшінші орынды иеленді. Демек, 30 үйлі ауылдың атқа қонған оғыландарын оқалап ұстаса, несі айып.

– Спорттың қай саласы болмасын кем-кетігі болып тұратын шығар, – дейді ауылдағы көкпар командасының жаттықтырушысы Еркінбек Әлібеков, – кей жерде команданың аты бар да, заты жоқ. Әлдебір қаладан немесе ауданнан жасақталған командаға өзге команданың, онда да тым жақсы команданың ойыншыларын әкеліп қосады. Ал, біздікі бір ауылдан ғана шыққан ойыншылар ғой. Аттарын алмастырып, ойыншыларын ауыстырып, әділетсіздік жасамаса дейміз.

Қазір ауыл сыртындағы алаңқайда ересектер тобы: Марат Оспанов, Сұлтан Әлібеков, Талғат Темірханов, Дәулет Ысқақов, Аманжол Бекмурзин, жеткіншектер тобында: Мәдениет Нұрмұханов, Олжас, Бектас Хасеновтер, Жолдас Әлібеков, Рүстем Әбдікәрімовтер жаттығып жүр. Оларға әуел баста осы ауылдағы көкпаршылар командасын ұйымдастырып, ұйысуына мұрындық болған қос азамат Еркінбек Әлібеков пен Бүркітбай Нұрмұханов жаттықтырушылық жасауда. Қос қоржын әртүрлі жарыста жеңіп алған жүлдеге толған.

Көкпар негізі білектің ғана күшімен ойналатын ойын емес, ол үшін ой керек. Ой болғанда да ырғалып-жырғалатын уақыт жоқ. Ат үстінде ұршықтай үйіріліп, есі-дерті доданың ортасында, қиян-кескі айқас алаңында жатқан нысанаға жету үшін шалт қимыл, қапысыз шешім талап етіледі және жай оғындай жалт ететін ойлы іс-әрекет.

...Ұйқы-тұйқы көп тұяқтың, топырлаған көп аттының ортасында қалған серкеге ешкімнің қолы жетер емес. Кенет бір сәтте иә, бір мезгілде Дәулеттің қолы ілікті. Ауылда шөп шауып, отын жарып, Арқаның аязына тонған, қара қарғаның миы қайнайтын шілденің ыстығына күйіп шыныққан шарболаттай тарамыс қол молақ серкені қаптаған көп тұяқтың астынан суырып алды да, қиялай салды.

Қарагер аттың үстін дегі қаршадай ұл көкпар сайысында, көкпар сайысы емес, ер намысы сыналған сындарлы шақта қапы қалмады. Қос жанарында әлдебір шаттықтың шуақты оты маздап тұр еді. Көшелі қарагер ат жұлдыздай ағып келеді. Намыс жарысы. Намысты ұлдар ғана есесін ешкімге жібермес.

Байқал БАЙӘДІЛОВ,
Ақмола облысы

Футбол

Алматыда саудагерлер арасында футболдан болған турнирдің жеңімпазы анықталды. Үш айға созылған жарысқа қаладағы 40 базардың футболшылары қатысты. «Дүйсенбілік футбол – 2016» атауымен өткен шараны «Болашақ» республикалық қозғалысы мен «Жастар үні» қоғамдық бірлестігі ұйымдастырды.

Базардағылар спортпен етене

Үш ай уақыт аралығында іріктеу турниріне 40 базардан 40 команда қатысып, 96 ойын өткізілді. Тартысты кездесу барысында 16 команда суырылып ақтық мәреге шықты.

Сонымен жайдарлы жазда басталған турнир қара күзде бір-ақ аяқталды. Оныншы қазанда, дүйсенбіде 16 базар ақтық мәреде бас қосты. 4 командадан 4 топқа

бөлінген командалардың ойыны қызу тартысқа толы болды. «Спорт мерекесінің» салтанатты ашылуында Алматы қаласы әкімінің орынбасары Арман Қырықбаев, Алматы қаласы Жастар саясаты мәселелері жөніндегі басқармасының басшысы Елнұр Бейсенбайұлы сөз сөйлеп, командаларға сәттілік тіледі. Гранд-финалда 8 команда өзара бақ сынасты. Топтық ойындардан суырылып шыққан командалар («Алтын Орда», «Тастақ», «Барыс-4», «Саламат», «Саудакент», «Сырдария», «Барахолка», «Сапар») ширек финалда жан алысып, жан беріскен ойын өрнегін көрсетті. Дегенмен алуан-алуан жүйрік бар, әліне қарай шабады дегендей, жартылай финалда 4 команда («Алтын Орда», «Тастақ», «Саудакент», «Барыс-4») бақ сынасты. Жартылай финалдық ойындарда «Алтын Орда» командасы «Тастақ» командасына 13:2 есебімен есе жіберсе, «Саудакент» командасынан «Барыс-4» командасы 1:2 есебімен қарсыласынан басым түсті.

Кіл мықтының кім мықтысын анықтау үшін 16 команда бас қосқан ақтық мәреде финалға шыққан «Тастақ» пен «Барыс-4» командасы керемет ойын үлгісін көрсетті. Қос қарсылас негізгі уақытта бір-бірінің осал тұсын таба алмай, ала доп негізгі уақытта қақпа торында туламады. Бұл көрерменнің де, ойыншылардың да делебесін қоздырып, бәсекенің бәсін қыздыра түсті. Ережеге сәйкес пенальти белгіленді. Қос командадан сайдың серке тасындай қатар тізілген үш футболшы доп тебуге шықты. Алғашқылары қарсыласының қақпасынан саңылауды сәтті таба білді. Сөйтіп, өз командасына бір-бір ұпайдан сыйлады. Екінші кезекте «Тастақ» базарының ойыншысы қателік жіберді. Оқтай ұшқан допты, «Барыс-4» командасының қақпашысы қабыландай қарғып барып, қағып алды. Есеп 2:1. Үшінші шыққан «Барыс-4» командасының спортшысы өз командасына жеңіс әперді. Сонымен 3:2 есебімен «Барыс-4» командасы «Дүйсенбілік футбол-2016» турнирінің ресми жеңімпазы атанды. Жеңімпаздар ұялы телефон, планшет, тұрмыстық техника және өзге де бағалы сыйлықпен марапатталды. Сонымен қатар ақшалай сыйлық та берілді. Бұл әлеуметтік жоба келер жылы өз жалғасын табады деген ойдамыз. Турнир «Болашақ» республикалық қозғалысының «Тілде, істе, пікірде – бірлік» ұранын ту еткен қалпы,

достық пейілмен, көтеріңкі көңіл-күйде аяқталды.

Дәурен БАБАМҰРАТОВ,
«Болашақ» жастар қозғалысының жетекшісі

Күрес

Ағайынды әлем чемпиондары

Қытайда қазақ күресінен өткен III әлем чемпионатында Әл Фараби атындағы ҚазҰУ-нің студенттері, ағайынды Ғұсман мен Ғұмар Қырғызбаев 60 және 70 келіге дейінгі салмақ дәрежесінде 2 алтын медальға ие болды.

Ғұсман қорытынды белдесуде Өзбекстан балуанын тізе бүктірсе, Ғұмар Қытайдан келген спортшыны жеңді. Ғұмардың айтуынша, чемпионатқа кіл мықтылар жиналған. Ол «Барлық қарсыластар жақсы дайындықпен келген. Бәрінен де Монғолиядан келген спортшымен белдескен қиындау болды. Ол дененің жоғары бөлігін қармап ұстады, ал менің айлам оның қолығын жүзеге асырмады», – дейді.

Оқу мен жаттығуды табысты қатар алып жүрген ағайынды Қырғызбаевтар заң факультетінің бірінші курс студенті. Палуандар «ҚазҰУ ең үздік университет. Мұнда студенттердің белсенді өмірі үшін барлық қолайлы жағдай жасалған. Оқытушылар да барлық бастамаларымызға үнемі қолдау көрсетіп жүреді», – дейді.

Жаттықтырушысы Файзулла Қойшыманов «Жігіттер халықаралық дәрежедегі спорт шеберлері. Қарсыластар біздің спортшылармен белдесуге ерекше дайындалған.

Халықаралық жарыстарға қазақстандық балуандардың қатысуы біздің ұлттық спорт түрлері мен спорттық дәстүрлерімізге берілген құрмет деп білемін. Ғұсман мен Ғұмар еліміздің және өздері оқитын университеттің атағын асқақтатып жүрген палуандар», – деп мақтанышпен атап өтті.

Олар қазақ күресінен ғана емес, сонымен қатар дзюдодан да

республикалық және халықаралық жарыстардың бірнеше дүркін чемпионы. Ғұсман мен Ғұмар осы бағытынан таймай, 2020 жылы Токиода өтетін Олимпиада ойындарында алтын алуға бекініп отыр.

Алдағы уақытта ағайынды палуандар қазақ күресінен өтетін IV халықаралық чемпионатқа қатысуды жоспарлап отыр.

Қытайда қазақ күресінен өткен III әлем чемпионатына 28 елден 200-ден аса спортшы қатысты. Қазақстан командасынан бес салмақ дәрежесі бойынша алты спортшы бағын сынады. Нәтижесінде біздің спортшылар 5 алтын медальға ие болды. Оның екеуін ҚазҰУ студенттері қанжығасына байлады.

Әйгерім КАМАЛДИНОВА

ҚАЗЫНА

Сәби дауысы – күллі тіршіліктің үні. Қазақ жаңа туған сәбиді – өмірдің басы санаған. Сондықтан дүниеге келген әр нәресте үшін шын қуанған. Баланың шыр етіп жерге түсіп, азамат болғанға дейінгі балдырған дәуренін ән-күйге бөлеп, салт-дәстүрмен сабақтап жатады. Нәп-нәзік нәрестенің шілдехана тойынан, ат жалын тартып мінгенге дейінгі ғұмырында орындалатын салт – бұлжымай атқарылатын қағида. Бүгінде қазақ дәстүріндегі ұмыт бола бастаған шаш қою мәдениетіне тоқталмақпыз.

Шаш қою да - дәстүр

Мәселен, сәбидің қарын шашын алу, балаларға айдар немесе кекіл қою, қыздарға тұлым өсіру дәстүрінің мән-мағынасы туралы сыр шертеміз. Қазақтың шаш қою дәстүрінің ең алғашқы сатысы «Қарын шаш» алудан бастау алады.

«Қарын шаш» дегеніміз – баланың іште жатқан кезде өскен шашы. Оны бала қыркынан шыққан кезде алады. Кейде сәбиіне көз тимеу үшін, денсаулығына байланысты қарын шаштың біраз бөлігін ұзақ уақытқа дейін алмай қоятын жағдайлар да болған. Халық арасында «Қарын шашы алынбаған адамның қарғысы қатты болады» – деген сөз бар. Бірақ кез келген адамға қарын шашты алу міндеті бұйырмаған.

Оны алу өнерлі, елге сыйлы немесе аты аңызға айналған балуандар, сал-серілер, батырлар сияқты кісілерге арнайы шақыртып, мал сойылып, қонақ шақырылып алғызатын болған. Қазірге дейін біздің дәстүріміз атадан балаға сақталып, жалғасып келе жатыр. Ұлттық дәстүріміз – алғашқы мағынасын жоғалтқанмен, қарын шаш алу қазір түрленіп келе жатқан дәстүріміздің бірі. Шашты баланы тіл-көзден сақтау үшін шүберекке тұмар етіп түйіп, иығына, бесікке, жастықтың астына салып қояды. Ол, әрине, сәбидің денсаулығының мықты, тіл-көзден аман болуын, жасының ұзақ болуын тілеп, ырымдаған дәстүр.



АЙДАРЛЫ БАЛА – АЙБАРЛЫ БАЛА

Ал айдар қою шаш үлгісінің ерекше түрі. Айдар – батыр мен ержүрек ұлдардың таңбасы. Көшпенді халықтарға ортақ шаш үлгісі. Дегенмен, қазақ дәстүрінде орны да, мән-мағынасы да бөлек нышан. Айдарды баласы тоқтамаған отбасылар ырымдап қоятын да дәстүр бар. Сондай-ақ айдар сәби күнінен көзге түскен, ерекше қасиетті балаға қойылып, күтіліп-бапталады. Балаға шаш қоюдың – кекіл қою, айдар қою, тұлым қою деген түрі бар. Тарих ғылымдарының докторы, профессор Бибизия Қалшабаеваның айтуынша, соның ішінде Айдар қоюдың өз жөні бар. Мәселен, отбасында бес бала болса, барлығына бірдей айдар қойылмайды. Ерекшеленген балаға ырымдап, бірі – батырға ұқсасын, не балуанға тартсын деген сынды ырыммен айдар кескен. Қазақта «Айдарлы бала – айбарлы бала» – деген сөз бар. Айдар қою – қазір қайта жаңғырып, біздің қоғамда қайтадан қалыптасып, балаға экзотикалық көрініс беретін сипат алуда. Айдар қоюдың қазіргі кездегі мағынасы – баланы тіл-көзден сақтау. Айдар қоюдың бұрыннан қалған жөн-жоралғысы, дәстүрі болған. Айдарды шағын той жасап, ауылдағы бала-шаға, дана қарияларды шақырып, зерделі әжелер қояды. Қарын шашты алмай айдар қою – ескі салт. Кейде қарын шашты толық алып, сәбидің буыны қатқаннан кейін ғана осы дәстүрді орындайды. Айдар баланың бойына сән, мінезіне батылдық беретін экзотикалық нышан. Сондықтан, айдар қою кез келген көшпенді ұланының арманы.

Бұл тұрғыда тарих ғылымдарының докторы, профессор Б.Қалшабаева былай дейді:

«Кезінде айдарды кесу үшін ақсақалдардың батасын алатын болған. Бала мүшел жасқа толғанда елді шақырып, батасын алып, мүшел жастың құрбандығы ретінде айдар шашты алады деген пікірлер бар. Бірақ кейінгі Кеңес үкіметі кезінде ондай шаштар дәстүріміздің жоғалып кетті. Қазіргі кезде қайтадан жаңғырып, жанданып жатыр деп айтуға болады. Елді шақырып, айдарды алатын кезде, жақсы, үлкен кісілердің орнына баланы аунатып алу деген ырым бар. Сол кісілердей болсын деген ниет. Қазір айдарды бала мектепке барар кезде алып жатады. Енді мектепте оқып жүрген балалардың арасында бірлі-жарым айдарлы балалар кездесіп қалады. Сондықтан, айдарлы баланың, бірінші, балаға емес, көз айдарына түседі. Сондықтан қазіргі кезде айдар тіл-көзден сақтаудың семантикасына айналған деп айтуға болады».

КЕКІЛДІ ҚЫЗ...

Қазақтың қаршығадай ұл, қарлығаштай қыздарына қойылатын тағы бір шаш түрі – кекіл. Кекіл маңдай тұсқа қойылады. Ұшы тегістеліп қиылып, бір шоқ болып қалдырылады. Кекіл – сәбидің жүзіне ерекше жарасым беретін шаш. Қазақтың ән-жырында кездесетін «кекілдім-ай» тіркесі осы әдемі көріністен қалған. Кекіл бүгінгі шаш үлгілерінің ішінде де жиі кездеседі. Әсіресе, қыз-келіншектердің ай дидарының айнасы іспетті. Ол адамның бойына жинақылық, биязылық сыйлайтын шаш.

ТҰЛЫМШАҚ

Қазақтың кішкентай қыздарына арналған шаш қоюдың бір түрі – тұлым деп аталады. Қыз бала бір жасқа толғаннан кейін қарын шашын алып, екі шекесіне екі шөкім қалдыратын болған. Оны «тұлым шаш», немесе «тұлымшақ» деп атайды. Тұлымды қыз балаға көз тимесін, сұлу, сымбатты болып өссін деген ниетпен қалдырады. Тұлым қыздың шашымен бірге өсіп, асыл тас, ақық маржандармен көмкерілген. Тұлымды қыздың көркі топты ортадан бірден көз тартып отырады. Б.Қалшабаева «Тұлым қою – зерттеулерге қарағанда, көбінесе қыз балаларға қойылған. Төбесінен екі шоқ шаш қалдыратын болған. Мысалы, қыздарға «тұлымы желбіреген» деп теңеу айтады. Қыздарға қойылатын шаш үлгісі. Бұл да тіл-көзден, сөзден сақтау үшін қойылатын шаштың түрі деп есептеледі. Айдар қою да, тұлым қою да көптеген Азия халықтарында кездеседі. Өзіміз кинодан көріп, кітаптан оқып жүрміз. Мысалы, қытайларда, моңғолдарда, манчурларда осы шашты қояды. Айдар тек қана балаға қойылатын шаш емес. Ерте кезде батырлардың арасында төбесіне шаш – тұлым, бұрым қоятындары болған дейді. Ал бойжеткен шағында тұлымды көмшат бөрікке, үкілі, моншақты тақияға жарастыра киеді. Күйеуге шығарда қыздардың тұлымы жиналып, бұрымына қосылып әп-әдемі өріледі.

Тұлымға қатысты ырым-тыйым көп. Мәселен, жақындары қайтыс болған үйдің қыздары тұлымын жайып, жеті күнге дейін өрмеген. Бұл – қазақтың шашын жаю, қара жамылу деген ырымы.

Айдар ұл балаға айбар берсе, тұлым қыз баланың сәні. Сондықтан, тұлым қою ешқашан ұмыт болмаған, қайта жаңарып, жаңғырып келе жатқан дәстүр.

Шаш қою немесе шаш алу – көшпенді өмірінде бірізге түскен дәстүр. Сондықтан арыс болатын азаматты ерте танып, айдар қойған. Ақылды болар балаға кекіл қалдырады. Сымбатына көз сүрінетін қызға тіл тимесін деп бұрым өсірген.

Айдар, кекіл, бұрым – ұрпағын ұлықтаған елдің мәдениеті. Мың жылдардан бері ұмыт болмай сақтап келген салты. Өйткені, қазақ ұрпақты – болашақ деп түсінген. Болашағын ойлаған ұлт – ұл-қызын ұяда тәрбиелейді. Шаш қою да сол тәрбиенің бір бұтағы ғана.

Ұлы дала елі. Дәстүрі діні мен діліне қайшы келмейтін көшпенді. Сондықтан халқымыздың ұрпы осы сайын далада мыңдаған жылдардан бері жалғасып келе жатыр. Дәстүр – әр халықтың бойтұмары. Халқымыздың көз-моншақ салты – ұлт пен ұрпақтың ұлы қазынасы.

Жарас КЕМЕЛЖАН

ЖӘДІГЕР

Көшпелі көрме – 2

Ел Тәуелсіздігінің 25 жылдығы мен Қожа Ахмет Ясауидің 850 жылдығына орай «Әзірет Сұлтан» мемлекеттік тарихи-мәдени қорық-музейі Оңтүстік Қазақстан облысы Төле би ауданында «Тәуелсіздік және Түркістан тағылымы» тақырыбындағы көшпелі көрмесін өткізді. Көрме экспозициясына қорық-музей қорынан жетпістен аса құнды жәдігер көпшілік назарына ұсынылды.



Көрменің ашылуына аудан әкімдігінің қызметкерлері, аудандық мәдениет және тілдерді дамыту бөлімінің басшысы, мектеп оқушылары, БАҚ өкілдері мен қонақтар қатысты. Сөз кезегін алған аудандық мәслихат хатшысы Н.Қойбағаров көрмені ұйымдастырушыларға ерекше ыстық ықыласын білдіріп, көрме жұмысына сәттілік тіледі. Қорық-музейден

рухани керуенді бастап барған көрме жұмысына жауапты ғылыми қызметкер Б.Байболов аудан басшысына алғысын білдіріп, қорық-музей директорының алғыс хатын табыстап, сый-сияпат жасады.

Көрменің экскурсиясын таныстырған музей экскурсоводы Т.Оразов әрбір жәдігердің шығу тарихы, ондағы жазылған сөздердің мән-мағынасын тоқталып, дүйім жұртты бір желпіндіріп тастады.

Ал Өскеменде тәттілер көрмесі ашылды. Онда қойылған сәндік бұйымдар, тұрмыстық және әшекей заттар, түрлі сәулетті ғимараттар барлығы тек қана шоколадтан жасалған. Көшпелі көрменің авторы

ресейлік кондитер Николай Попов. Ол өз шығармасының ең маңызды бөлігін еліміздің тарихына арнауды жөн санаған. Мәселен, тәттіден жасалған рәміздер барлық келушілердің қызығушылығын тудырды. Ал Қазақстанның мемлекеттік орталық мұражайының есігі бұл жердегі ең ірі шоколадты экспонатқа жатады. Оны жасауға шебер 140 келіден астам тәтті жұмсаған. Жалпы мұражайға 300-ден астам туынды қойылды.

Айта кетейік, шоколадтар арнайы температурада сақталады. +22 градустан жоғары, –18 градустан төмен болмауы керек. Олай болған жағдайда шоколад не еріп, не қатып, сапасы бұлінеді. Туындыларды екі жылға дейін сақтауға болады.

«Жас қазақ» газетінің ұжымы белгілі журналист, қарымды қаламгер Құлтөлеу Мұқашқа ағасы

ТАЙТӨЛЕУДІҢ

қайтыс болуына байланысты қайғысына ортақтасып, көңіл айтады.

Директор – Бас редактор Срайыл СМАЙЫЛ

Редакция алқасы:

Елдос ӨМІРЗАҚҰЛЫ Бас редактордың бірінші орынбасары

Ғалия ҚАЛИЕВА компьютер орталығының жетекшісі

Бөлім редакторлары:

Марат МАМАНБАЙ – *қоғам және әлеумет*

Мақпал НОҒАЙБАЕВА – *өнер және руханият*

Руслан ДОСТАЕВ – *арнаулы тілші*

Кәмшат ТӨЛЕШОВА – *терімші*

Мехмет СЕМЕРЖИ – *фототілші*

Аймақтағы меншікті тілшілер:

Байқал БАЙӘДІЛОВ – Ақмола және Солтүстік Қазақстан облыстары (8 778 910 45 34)

Шынаргүл ОҢАШБАЙ – Алматы облысы (8 701 503 02 76)

Асқар АҚТІЛЕУ – Ақтөбе облысы (8 778 523 44 96)

Фарида МҰҢАЛҚЫЗЫ – Маңғыстау облысы (8 702 799 06 22)

Мұхтар ШЕРІМ – Оңтүстік Қазақстан облысы (8 701 428 21 08)

Айхан БАШТАШ – Осло, Норвегия mahmutba@online.no

Ұлдай САРИЕВА – Батыс Қазақстан облысы (8 705 150 48 30)

Кезекші редактор **Мақпал НОҒАЙБАЕВА**

Шығарушы:

«Аманат Медиа» ЖШС

Директордың орынбасары **Мейрамбек ҚҰЛМҰХАМЕДОВ**

Бас есепші **Расима ӘКІМБЕКОВА**

Редакцияның мекенжайы:

050009, Алматы қаласы, Гагарин даңғылы, 93-үй (Абай даңғылының қиылысы)

Телефондар: 8(727) 394-37-22; факс: 394-39-68

Бухгалтерия: тел.факс: 8(727) 394-39-67 (жарнама бөлімінің ішкі нөмірі 108)

Газет 2004 жылғы 14 желтоқсанда ҚР Мәдениет, ақпарат және спорт министрлігінде тіркеліп, бұқаралық ақпарат құралын есепке қою туралы №5710-Г куәлігі берілген.

Мақала авторының пікірі редакция көзқарасын білдірмейді. Жарнама мәтініне тапсырыс беруші жауапты.

Газетте жарияланған материалдар мен суреттерді сілтемесіз көшіріп басуға болмайды.

Газет «Дәуір» ЖШС РПИК (Алматы қаласы, Қалдаяқов көшесі, 17-үй) тел: (727) 273-12-04, 273-12-54

Тапсырыс – №2117;

Бағасы келісім бойынша

Айлық таралымы – 45 000 дана

Газет Қазақстанның барлық аймақтарында таралады, сондай-ақ «AirAstana», «Etihad Air ways», «Turkish Airlines», «BMI», «QazaqAir» әуежолдарының ұшақтарында бар.